

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

Сәулет-құрылыс факультеті
(факультет атауы)
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасы
(кафедра атауы)

DESN 32005 Тарихи - теориялық құзыреттілік модулі
(модульдің атауы және коды)

- **ОТ 2207– «Өнер тарихы»**
пәні бойынша
(пәннің коды және толық атауы)

6B02121– «Сәулеттік дизайн» 6B02120 – Графикалық дизайн
(мамандықтың/мамандандырудың коды және атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
«Сәулет-құрылыс» факультеті
«Дизайн және инженерлік графика кафедрасы» кафедрасы**

**6B02121 - Сәулеттік дизайн
білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін
ОТ 2210 Өнер тарихы пәні бойынша
DESN 32005 Тарихи-теориялық құзыреттілік модулі**

Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

**Астана
2025**



Бұл құжат 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей

Құжатқа қол қойғандар

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Самуратова Татигул Какеновна	Кафедра меңгерушісі
2	Жумагулова Адия Аскаровна	қауымдастырылған профессор (доцент)
3	Оразалиев Бахытжан Асетилдаевич	Директор
4	Сабитов Ерлан Енжилович	Факультет деканы

Өзірлеуші:

Самуратова Татигул Какеновна, Кафедра меңгерушісі

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КсАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	--	-----------------------------------	-----------------

Өнер тарихы _____ пәні бойынша оқу жұмыс
бағдарламасы (Syllabus)

(пәннің коды және атауы)

6B02121 - Сәулеттік дизайн, 6B02120 – Графикалық дизайн білім беру бағдарламасы негізінде (білім беру бағдарламасының шифры мен атауы)

құрастырылған

«Дизайн және инженерлік графика» кафедра отырысында қарастырылды, хаттама № 9
«_ 15 _» _04 2025_ж.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында мақұлданды хаттама № 10
«_ 24 _» _04 2025ж.

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	--	-----------------------------------	-----------------

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

1. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Пәннің мақсаты	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) *	Пән бойынша күтілетін оқу нәтижелері (ОН)
Өнер тарихы пәні графикалық дизайн және архитектуралық дизайн білім бағдарламалары бойынша білім алушыларға бейнелеу өнерінің маңызды теориялық мәселелеріне қатысты жетекші теоретиктердің негізгі құраушы мәтіндерін оқуды және талқылауды ұсынады. Курсты меңгеру нәтижесінде студент білуі тиіс; арнайы терминологияны; мәдениет пен өнердің негізгі даму кезеңдерін; негізгі стильдердің сипаттамаларын; мәдениет және өнер саласындағы негізгі құрастырушы авторларды; материалдық мәдениет пен дизайн саласындағы негізгі даму үрдістерін.	ОН₈ – мағлұматтарды жинақтауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және өнер мен дизайнның ғылыми-теориялық негізіне сүйене отырып кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу ОН₇ – графикалық дизайнның ғылыми-теориялық негізін дизайнның салаларының қалыптасу кезеңдеріне негізделе отырып меңгеру.	Өнер тарихы графикалық тәжірибеде алынған теориялық білімдерін және тәжірибелік дағды мен машықтарын тиімді пайдалануда; тарих бойынша жобалық тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық белсенділікті және өз бетінше жұмыс жасауды көрсетуде; мәдениет пен өнер дамуының жоғары деңгейдегі логикасына ие болуды; адамзат тарихының барысына мәдениет

*БББ сәйкес

2. Пререквизиттер

Бұл пәнді меңгеру үшін «Өнер тарихы» пәні Композиция және сурет, материалтану, Графика және модельдеу, дизайн объектілерін жобалау, тұстану, профиль дизайнының элементтері мен процестері және т.б. курстармен тығыз байланысты. Бұл пәнді игеру үшін "инженерлік графика", "сәулеттік графика және макеттеу", "сәулеттік объектілерді компьютерлік модельдеу", "Сәулеттік дизайн пәндерді оқу барысында алған _____ (пән атауы) білім, білік және дағды қажет.

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КсАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

Постреквизиттер

Аталған пәнді меңгеру барысында игерілген білім мен дағдылар келесі пәндерді меңгеруге қажет болып табылады "дизайн-жобалауда нормативтік құжаттарды қолдану әдістері", "арт-объектілерді құрастырудың заманауи әдістері", "дизайн білім берудегі оқытудың жаңа технологиялары", "дизайн объектілерін модельдеудің заманауи компьютерлік әдістері"

(пән атауы)

3. Оқу жоспарынан көшірме

Курс 2

Семестр 4

ECTS бойынша кредит саны 5

Сабақ түрі	Жалпы сағат саны
Дәрістер	15
Тәжірибелік сабақтар	30
Семинар сабақтар	-
Зертханалық сабақтар	-
Білім алушының өзіндік жұмыстары (БӨЖ)	105
Барлығы	150

4. Модульдер бойынша пәннің тақырыптық жоспары

(академиялық сағатта)

№ модуля	Модульдің атауы
1	Көне дәуір мәдениеті
2	Өнердегі жаңа бығыттар

Дәріс сабақтары				
№ апталар	№ модульдер	Дәріс сабақтарының тақырыптары	Сағаттар саны	Оқытудың түрлері мен әдістері
1	1	Ежелгі өнер тарихы. Адам өміріндегі өнер мен мәдениеттің ролі. Алғашқы кезең мәдениеті. Тарихи дәуірге дейінгі материалдық мәдениет.	1	- дәстүрлі баяндау әдісі; - презентация қолдану; - студенттің рефлексиясын бағалау.
2	1	Антика мәдениеті (Грек, Рим, Византия)	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
3	1	Шығыс мәдениеті (Қытай, Жапония)	1	Қабылдау, есте сақтау әдістерін қолдану
4	1	Ежелгі Мысыр сәулет мәдениеті. Тақырып бойынша тарихи кезеңге сай талдау жасау және мәдениетке сипаттама беру.	1	дәстүрлі баяндау әдісі; - презентация қолдану; - студенттің рефлексиясын бағалау.
5	1	Орта ғасыр Батыс Еуропа		Түсіндірмелі иллюстрациялы

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

		өнері.Романдық өнер, готика өнері		оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
6	1	Араб мәдениеттері.	1	Дизайн объектілерінің креативін (идеясын) әзірлеуді жоспарлау;
7	1	Қайта өрлеу өнері.	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
8	1	Ежелгі Орыс мәдениеті.	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
9	2	17 ғасырдағы Батыс Еуропа өнері. Италияда барокконың қалыптасуы. Рококо стилі	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
10	2	Классицизм. Романтизм. Фовизм.Кубизм.	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
11	2	XIX ғ. Соңы мен XXғ. Батыс Еуропа өнері Импрессионизм. Экспрессионизм	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
12	2	Абстракционализм. Концептуализм	1	Түсіндірмелі иллюстрациялы оқыту және мазмұнда түсіндірме әдісі
13	2	Поп-арт өнері	1	дәстүрлі баяндау әдісі; - презентация қолдану; -студенттің рефлексиясын бағалау.
14	2	Модерн стилі. Символизм	1	дәстүрлі баяндау әдісі; презентацияқолдану; -студенттің рефлексиясын бағалау.
15	2	Қазақстан сәулет өнері	1	дәстүрлі баяндау әдісі; - презентация қолдану; -студенттің рефлексиясын бағалау.
Барлығы				

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтар				
№ апталар	№ модульдер	Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың тақырыптары	Сағаттар саны	Оқытудың түрлері мен әдістері
1	1	Ежелгі дәуір кезеңдеріне тарихи шолу жасау; тас дәуірі кезеңіндегі үңгірлердегі суреттер; көне дәуір бейнелеу техникасын меңгеру мақсатында көшірме орындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
2		Антика өнері тақырыбы бойынша	2	Сұрақтарға жауап беру,

		«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
	1	конспектілер жазу презентация дайындау.		презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
3	1	Үндістан, Қытай және Жапон мәдениетінің жәдігерлері негізінде көркем техникаларын үйрену мақсатында жаттығулар жасау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
4	1	Орта ғасыр Батыс Европа өнері.Романдық өнер, готика өнері тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентация дайындау.		Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
5	1	Көшпенділер өнері тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентация дайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
6	1	Ежелгі орыс мәдениеті жәдігерлері негізінде көркем техникаларды үйрену мақсатындажаттығулар жасау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
7	1	Ежелгі Мысыр мәдениетіне тарихи шолу жасау; ежелгі Месопотамия мәдениетіне тарихи шолу жасау; сол дәуірдегі материалдық мәдениет үлгілерімен танысу; бейнелеу техникасын меңгеру мақсатында көшірме орындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
8	1	Араб мәдениеті тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
9	2	Қайта өрлеу өнері тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
10	2	Ежелгі Орыс мәдениеті тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
11	2	17 ғасырдағы Батыс Европа өнері. Италияда барокконың қалыптасуы. Рококо стилі тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентация дайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
12	2	Классицизм. Романтизм. Фовизм.Кубизм тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
13	2	XIX ғ. Соңы мен XXғ. Батыс	2	презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

		Еуропа өнері Импрессионизм тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.		жауап әдісі
14	2	Модерн стилі. Символизм тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
15	2	Қазақстан сәулет өнері тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентациядайындау.	2	Сұрақтарға жауап беру, презентация жасау, тақырып бойынша сұрақ жауап әдісі
БАРЛЫҒЫ			30	

БӨЖ				
№ апталар	№ модуль	БӨЖ тақырыптары. БӨЖ тапсыру мерзімдері	Сағаттар саны	Оқытудың түрлері мен әдістері
1	1	Дәріс тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентация дайындау. Тас дәуірі кезеңіндегі үңгір қабырғаларына салынған бейнелердің салу техникаларын үйрену мақсатында жаттығулар жасау.	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу
2	1	Антика мәдениеті (Грек, Рим, Византия) тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру
3	1	Шығыс мәдениеті (Қытай, Жапония) тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
4	1	Ежелгі Мысыр сәулет мәдениеті тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу және
5	1	Араб мәдениеттері тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Дизайн объектілерінің креативін (идеясын) әзірлеуді жоспарлау;
6	1	Қайта өрлеу өнері. тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
7	1	Ежелгі Орыс мәдениеті. тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру
8	2	Орта ғасыр Батыс Еуропа өнері. тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
9	2	Романдық өнер, готика өнері тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

10	2	17 ғасырдағы Батыс Еуропа өнері. тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
11	2	Италияда барокконың қалыптасуы. Тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру
12	2	Рококо стилі. Тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
13	2	Классицизм. Романтизм. Фовизм. Кубизм. Тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру
14	2	Импрессионизм. Тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту
15	2	Бүгінгі қазақ архитектурасы, мүсін өнері, живопись және т.б. Тақырып бойынша конспектілер жазу сурет салу басқа да жаттығулар жасау.	7	Теориялық дағдыларын қалыптастыру
Барлығы			105	

5. Пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы

Оқу нәтижелерін бақылау түрлері

Аралық бақылау 1. Бақылау формасы тақырып бойынша жасалған жұмыстардың есебі болып табылады. Есеп бойынша материалдар файлды папкаға салынуы қажет және оқытушы белгілеген уақытта бағалау үшін өткізілуі керек. Орындалған жұмыстың тақырыпқа сай болуы, берілген дәйектердің дұрыстығы және ұқыпты да уақтылы орындалуы бағаланады. Белгіленген уақытынан кеш өткізілген жұмыс төменгі баллмен бағаланады. Оқытушы жұмыстың орындалуында кеткен олқылықтарды аңғарған жағдайда білім алушыларға оларды дұрыстау үшін қайтарып беруге құқықты.

Аралық бақылау 2. Аралық бақылауды өткізу мерзіміне дейінгі аралық бақылаудың қорытынды баллдарының негізінде және БӨЖын бағалау арқылы қорытады. БӨЖ берілген тақырыптар бойынша практикалық жұмыстар түрінде тапсырылады.

Қорытынды бақылау. Қорытынды бақылау емтихан ретінде қабылданады. Барлық тапсырмалар практикалық кешен негізінде бакалаврларға семестр бойынша өткізілген сабақтардың тақырыптарына сай құрастырылады.

*(Ағымдағы және аралық бақылау формалары оқытушылармен анықталынады)
(Қорытынды бақылау формасы кафедрамен анықталынады)*

Курсы саясаты мен тәртібі:

Оқу қорытындысы емтихан арқылы аяқталады. Курсқа арналған барлық сабақ бағдарламалары орындалса ғана емтиханға рұқсат беріледі. Емтиханның басталуына кемінде үш күн қалғанға дейін барлық тапсырмалар орындалып бітуі керек. Барлық тапсырмаларды орындап тапсырмаған білім алушылар емтиханға жіберілмейді

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КөАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

6. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

№ п/п	Авторы, атауы, баспасы, шыққан жылы	Ақпарат көзі.	Бары (дана)		
			Кітапханада	Әлемдік сандық кітапханалар	Кафедрада
1	2	3	4		5
Негізгі әдебиеттер					
1	Самұратова Т.К. Бейнелеу өнері тарихы : бейнелеу өнері және сызу мамандықтарына арналған оқулық / Т- Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. - 208 б. - (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ кітапханасы). - Библиогр.: б. 147-149. - ISBN 9965-31-398-9.	оқулық	90	https://library.enu.kz/MegaPro/Web/Search/Result/ToPage/1	10
2	Самұратова Т.К. Қолөнер негіздері / - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014. - 203 б. : 197-202. - ISBN 9965-31-323-7.	оқу құралы	50		10
	Самұратова Т.К. Қазақ дәстүрлі өнері мен мәдениеті : - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. - 207, [1] б. : сур. - Библиогр.: б. 205-206. - ISBN 777-601-301-777-9.	оқу құралы	100	https://library.enu.kz/MegaPro/Web/Search/Result/ToPage/1	10
3	Қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт Астана, Мастер ПО: 2025. 250б.	Монография	3		-
4		Оқу-әдістемелік құралы	4		-

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КөАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

Қосымша әдебиеттер					
5		Оқулық	1	сілтеме	-
6	Самуратова Т.К. Қазақстан қолданбалы өнері : жоғары оқу орындарының шығармашылық және мәдениеттану мамандықтарына арналған /- Астана : Мастер ПО, 2015. - 209б. ISBN 978-601-301-585-9.	оқу құралы	80	https://library.enu.kz/MegaPro/Web/Search/Result/ToPage/1	10
	Самұратова Т.К. Қазақстан өнері тарихы : оқу құралы / -Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. - 84, -ISBN 9965-771-20-0.	оқу құралы	90	https://library.enu.kz/MegaPro/Web/Search/Result/ToPage/1	10
7	Самуратова Т.К. Кеңістік пен уақыт контекстіндегі мәдени мұра: теория және практика. - Астана, Мастер ПО: 2025. 250б.	Монография	1		1
8	Самуратова Т.К. Мәдени мұра және бейнелеу өнері: жоғары оқу орындарының шығармашылық және мәдениеттану мамандықтарына арналған оқу құралы / – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 160б.	Оқу-әдістемелік құрал	1	-	10
Электрондық және интернет ресурстары					
9	Самуратова Т.К. Өнер тарихы. Электронный учебник. Свидетельство МЮ РК - «01» мамыр № 16330. – Астана, 2021.1Gb 2Gb				

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
---	---	-----------------------------------	-----------------

10

Негізгі әдебиеттер тізіміне негізгі оқулықтар мен құралдар (ереже бойынша, үш-төрт атау) кіреді, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша - соңғы 5 жылдағы, басқа бағыттар бойынша – соңғы 10 жылдағы.

Қосымша әдебиеттер 10 атаудан артық болмауы керек.

Электрондық және интернет-ресурстарды көрсету кезінде сілтеме берілген ақпараттың қысқаша атауын көрсету, содан кейін белсенді сілтемені орналастыру қажет. Интернет-ресурстарға сілтемелер саны 10 аспауы керек.

7. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі

Білім алушылардың білімі, шеберлігі, дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық көрсеткіші	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A бағасы • Бағдарламалық материалды жүйелі, логикалық құрылымда, қатесіз әрі әдеби тілде баяндайды. • Әртүрлі дизайн салаларындағы тарихи, теориялық және стилистикалық айырмашылықтарды толық түсініп, нақты ажырата алады. • Тапсырманың мазмұны өзгерген жағдайда да дербес және сенімді жауап береді. • Практикалық тапсырмаларды орындауда графикалық шешімдерді негіздей отырып, креативті, функционалды әдістерді пайдалана алады. • Монографиялық еңбектер мен отандық/шетелдік әдебиеттерге сүйеніп, ғылыми негізде дәлел келтіре алады. • Дизайн жобаларын әзірлеу кезінде идеяны негіздеуде теория мен практиканы ұштастыра біледі.
A-	3,67	90-94		A- бағасы студент бағдарламалық материалды терең және берік игерсе, оны толық, жүйелілікпен, сауатты және логикалық үйлесімді баяндаса, тапсырманың түрі өзгергенде жауап беруге қиналмаса, қойылған сұрақтарға еркін жауап берсе, монографиялық материалдарды білетіндігін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс дәлелдей алса, практикалық жұмыстарды орындауда жан-жақты

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші
			дағдылар мен әдістерді пайдалана білсе, материалды өз бетімен қатесіз тұжырымдай білетіндігін және баяндай алатындығын көрсетсе қойылады. Студенттің өзімен дұрысталатын, негізгі түсініктерде байқалатын кемшіліктер рұқсат етіледі.
В+	3,33	85-89	Жақсы В+ бағасы • Терминдерді орынды қолданады, графикалық стильдер мен бағыттар бойынша салыстырмалы талдау жүргізе алады. • Жауаптары негізінен дұрыс, аздаған дәлсіздіктер орын алуы мүмкін, бірақ негізгі ұғымдарды түсінуі жоғары деңгейде. • Практикалық тапсырмаларда оқытушының көмегімен кейбір шешімдерді нақтылайды. • Теориялық білімін тәжірибеде қолдана алады, бірақ кейбір жағдайларда нақты мысалдар келтіруде қиналуы мүмкін. • Студент негізгі стильдер мен дизайн бағыттарының ерекшеліктерін біледі, бірақ өз бетімен толық сипаттама беруде қателіктер болуы ықтимал.
В-	2,67	75-79	В- бағасы • Жауаптарда жүйесіздік байқалады, кейбір стильдер мен даму кезеңдеріне қатысты шолулар үстірт. • Практикалық тапсырмаларды орындау кезінде оқытушының жетекші сұрақтарынсыз толық шешімге келе алмауы мүмкін.
С+	2,33	70-74	С+ бағасы • Негізгі түсініктер бойынша жауап береді, алайда егжей-тегжейлі сипаттауда немесе жеке жобада қолдануда қиындық көреді. • Практикалық жұмыстарда жиі қателік жібереді, бірақ оқытушы көмегімен бағыт ала алады.
С	2,0	65-69	Қанағаттанарлық С бағасы • Жауаптарда жүйелілік жоқ, тарихи стильдерді ажыратуда нақтылау қажет, көп жағдайда мысал келтіре алмайды. • Практикалық тапсырмаларда белсенділік төмен, негізгі ұғымдарды қолдануда қиналады.

	«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ	Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)	Басылым: үшінші	
C-	1,67	60-64	C- бағасы • Жауаптарда өрескел қателіктер орын алады, стильдер мен бағыттар ара-жігін ажыратпайды. • Теориялық білімін практикада мүлдем қолдана алмайды, жобалау процесінде логика мен дәлелдеме жоқ.	
D+	1,33	55-59		D+ бағасы • Қате тұжырымдар, түсініксіз сөйлемдер, жобаларға қатысты негізсіз пікірлер айтады. • Мысалдар келтірілмейді, қорытынды жасалмайды, байланыстар байқалмайды.
D	1,0	50-54		D бағасы • Жауаптарда айқын жүйесіздік, стильдерге қатысты түсініксіздік байқалады. • Мысал келтіру қиын, терминдерді дұрыс қолданбайды, қорытынды жасай алмайды.
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	FX бағасы • FX – студент жеке тапсырманы мүлде орындамаған немесе әдебиеттермен жұмыс жүргізбеген.
F	0	0-24		F бағасы • Материалдың көп бөлігін білмейді, теориялық әрі практикалық жұмыс жасауда айқын әлсіздік байқалады. • Жауап беруге қиналады, қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды, пәннің маңызды бөлігін меңгермеген.

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

1-ШІ ДӘРІС.

Ежелгі өнер тарихы. Адам өміріндегі өнер мен мәдениеттің ролі.

Алғашқы кезең мәдениеті.

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің: көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері, т.б. түрлері бар. Өнердің қызметін, қоғамдық сананың, адам танымының айрықша формасы ретіндегі ерекшелігін айқындайтын белгілі бір анықтама беру немесе оның адам өміріндегі маңызы мен мәнін анықтау жайлы тартыстар бүкіл мәдениет тарихында тоқталған жоқ. Өнер жайлы: “табиғатқа еліктеу”, “Құдайды тану”, “шындықты бейнелеу”, “сезім тілі”, т.б. анықтамалар берілді. Көптеген теорияшылар өнердің күрделілігі мен санқырлылығына сай оның мән-маңызын тек танымдық немесе идеялық, яки эстетикалық деп біржақты қарастырушылар да болды. Осындай көзқарастарға қанағаттанбай өнертанушылар өнердің бойында таным да, шындықты көре білу де, жасампаздық та, көркем бейне де, рәміз сияқты көптеген мәселелер келісті үйлесімде, тығыз қарым-қатынаста деген тоқтамға келді. Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззәтқа бөлейді. Ол ерекше көркем образды рәміздер жүйесі арқылы, айрықша көркем тіл ретінде көрініп, адамдардың санасына жол табады. Бізге белгісіздеу, бұлыңғырлау көрінетін бұдан ондаған мың жыл бұрын да өнердің бастапқы белгілері байқала бастаған. Адамның арғы тегі болып табылатын неандертальдарда (Неоандерталь адам – орта палеолит заманында өмір сүрген адам тұқымы, жоғары палеолит кезеңінде құрып біткен) сезімдік түйсік пен ойлау қабілетінің қылаң беруі, оларды өмірге қажетті қарабайыр алғашқы еңбек құрал жабдықтарын жасауға, түйсікпен еңбек етуге талпындырды. Бірақ олардың ойлау қабілеті мен сезімдік қасиеттерінің әлі де толық жетілмеген кезі еді. Сондықтан болар, олардың қолданған құралдары мыңдаған жылдары бойы өзгере қоймайды. Одан кейін алғашқы қауымдық құрылыс өмірге келді. Адамның сана сезімі өсіп, тұжырымдыда байыпты әрекеттерге барды. Өнерлі ой туындады. Егер адамдар бұрын табиғи заттарды еш өңдеусіз пайдаланса, енді оны өздерінің ыңғайына қарай қажетінше өзгертіп, өңдеп алып отырады. Бұл өнерлікке деген бастаманың алғашқы нышаны еді. Өйткені қандай зат болмасын, оның табиғи күйін саналы пайымдау арқылы өзінше өзгерту адамнан белгілі бір салиқалы ой-тұжырымды, шеберлікті қажет етеді. Ал шеберлік жүрген жерде әрдайым өнерлі ой толғанысы пайда болады. Осыдан барып өмірге табиғи қалпындағы емес, адам қолымен өзгертіліп өңдеуден өткен, бойында өнер нышаны бар зат туындайды, көбінесе осындай туындылар өнердің туып қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Өнерлі ой толғаныстың

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

арқасында адамның еңбекке деген қызығушылығы мен ынтасы арта түсті, рухани сезім қажеттілігінің байи түсуіне үлкен әсер етті. Сонымен қоса адамның алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде рухани игіліктерді тез меңгеріп кетуіне, әлемнің тылсым сырына құштарлана түсуіне, айнала қоршаған табиғи құбылыстарды зерттеп-зерделей білуіне үлкен септігін тигізді. Бейнелеу өнері (ағылш. figurative art, франц. art figuratif, нем. bildendr Kunst) — дүниені көзбен көріп, түйсінуге негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері [архитектура](#), безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да Бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да Бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда Бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. [Шығармалар](#) заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түрлі-түсті бояуды, графика түрлі сызықтардың қиылысуын, [көлеңке](#) мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді кескіндеме ғимараттардың ішкі қабырғаларында, интерьерде және экстерьерде жазылады. Монументальді мүсін архит. кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Шығыс және батыс Бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ. Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу өнерінің даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан Бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған.

2-ШІ ДӘРІС.

Ежелгі Мысыр мәдениеті

Мысырдың ғажайып өнері әлемдегі басқа мәдени ескерткіштерге қарағанда өзіндік сипатымен, көнелігімен ерекшеленеді. Мысыр жерінде өнер ошақтары, түрлі кешендер мен қорымдар жақсы сақталған. Солар арқылы көне мәдени-рухани байлық жөнінде біршама толығырақ мәлімет алуға болады. Мысыр мәдениеті мен өнерінің бізге жеткен алғашқы белгілері, шамамен, б. з. д. IV мыңжылдықтарда пайда болған. Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, біртіндеп күл иеленуші мемлекеттер құрыла бастады. Ғасырлар бойы мысырлықтардың асыраушы анасы болып келген Ніл дариясы енді күл иеленушілердің меншігіне айналды.

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

Б. з. д. IV мыңжылдықтың екінші жарытысында Мысыр жерінде екі құл иеленуші мемлекет — Оңтүстік және Солтүстік патшалығы ірге көтерді. Б. з. д. III мыңжылдықта Солтүстікпатшалығы ұзақ жылғы соғыстан кейін Оңтүстік патшалыққа бағынып, тұтас Мысыр мемлекеті құрылды. Осы кезеңде мәдениет пен өнер біраз дамыды. Тасқа ойылып, қашалып жасалынатын бедерлеу өнері барынша өріс алды.

Сызу мен сурет салуға бейімі бар адамдар өз заманындағы қоғамдық құрылысты, соғыс қимылдарын, патша жорықтарын қайрак тастарға бейнелеп түсіріп отырды. Бір жағынан, тарихи жылнамалық белгі болып табылатын, екіншіден, өнердің озық ескерткіші саналатын бедерлеме суреті бар тақта тастың бірі — Нармер тақтасы. Бұл өнер ескерткіші сол дәуірде болған белгілі тарихи кезеңді ашып көрсетеді. Тақтада Солтүстік патшалығын тізе бүктірген Нармер патшаның әскери жорығы, жеңісі айшықты бейнелермен шебер берілген. Тақтадағы мүсіншінің құрылымдық шешімі, тақта бетіндегі ұтымды бейнелік тәсіл көрген адамды бірден баурап алады. Бұл тарихи өнер көзі - Ежелгі Мысыр өнерінің ең бір айтулы ескерткіші болып табылады.

Осыдан кейінгі кезеңдерде де Мысыр патшалығы нығайып, перғауындар билігі арта түсті. Бар байлықты қолдарына жинаған патшалар әулеті Мысырда ірі қалалар, ауқымды сәулет кешендері ғибадатханалар ашуды қолға алды. Мұндай мәдени өзгерістер перғауын Жосердің тұсында кең етек алды. Сол кездегі Мысыр патшалығының орталығы, әлемдегі ең көне қаланың бірі Мемфис гүлденіп, өркендеді. Мемфисте сәулет өнерінің алғашқы үлгілері пайда болды. Дәл осы кезеңде Мысыр әдебиетінің алтын тамыры болып табылатын "Птаха" Құдайы туралы жазылған діни-философиялық шығарма өмірге келді. Сөйтіп, ғылымы мен өнері, әдебиеті, жаңа тұрпаттағы инженерлік құрылыстары барынша дамыды. Сол замандағы өркендеген мәдениет пен өнердің жемісі ретінде Жосер пирамидасы салынды. Жосер пирамидасы Мысыр классикалық сәулет өнерінің алғашқы қарлығашы болып табылады. Бұл сәулет өнеріне үлкен бетбұрыс әкеліп, тың инженерлік жүйенің пайда болуына жол ашты. Егер бұрын Мысыр сәулет кешендері бір қабатты **мастабалардан**^[1] тұратын болса, бұл пирамида бақандай жеті мастабадан тұратын зәулім сәулет кешенін құрады. Сондықтан да оны "сатылы пирамида" деп атады. Пирамиданың биіктігі 60 метрге дейін жетті. Мысырда мұндай алып құрылыстардың салынуы діни нанымға да байланысты болды. Бұдан ертеректе де Мысырда атақты, айбынды адамдардың, патшалардың бастарына алып ескерткіштер қою кең таралған. Олардың сенімі бойынша патшалардың басына қаншалықты бағалы ескерткіш қойса, қарапайым халыққа, бүкіл елге оның рақымы түсіп, ұдайы желеп-жебеп отырады-мыс. Екінші жағынан, перғауындар қарапайым халыққа өз үстемдігін жүргізу үшін, өздерінің құдіреттілігін таныту үшін де осындай ескерткіштер салуға мүдделі болды. Осы дәстүр Мысырдың сәулет өнерін өрі қарай дамытып, атақты пирамидалар дәуірін тудырды.

Жосер сәулет кешенінен бастау алған "пирамидалар дәуірі" б.з. д. VII ғасырда өзінің шарықтау шегіне жетті. Пирамидалардың ішіндегі ең әйгілі өрі атақтысы Хуфу (Хеопс) және Хафра (Хефрен), Менкаура (Мекерин) тұрғызылды. Ніл жағасындағы Гизе жазығында орналасқан осы үш пирамиданы "Гизе пирамидалар қорымы" деп атайды. Пирамидалар қорымындағы ең атақтысы — Хуфу (Хеопс) ғибадатханасы үлкен сәулет кешені. Оны Мысыр перғауыны Хеопс (б.з.д. III мыңжылдықтың бірінші жартысы) салдырған. Перғауын өзінің өмір бойы жинаған бар қазынасына осындай керемет құрылыс салғызып, тұрғындарға тарту еткен. Пирамиданы салдыру үшін он жыл бойы Ніл дариясының ішкі жазығына дейін жол төселген. Мыңдаған құлдардың ауыр еңбегі жұмсалған үлкен құрылыс жиырма жыл бойы жүргізілген деген болжам бар.

Пирамиданың аумағы мен зәулім құрылысына тең келер тас құрылыс бүкіл әлемде жоқтың қасы. Оның биіктігі 147 метрге жетсе, ал қырларының ұзындығы 235 метрге жетеді. Ғаламат тас кесектерден әдемілеп өрілген сәулет ескерткіші бес мың жыл бойы әлі мызғымай сол күйі сақталғаны мәлім. Осындай алып құрылысты басқарған сәулетші Х е м

и у н еңбегі орасан зор болды. Мысыр елі кейінгі ғасырларда да дүниежүзілік мәдениет пән өнерге өлмес мұра қалдырды. Сондай сәулет өнерінің бірі — б.з. д. XX—XIII ғасырларда салынған Қарнак ғибадатханасы. Оны сол кездегі ел басқарған ұлы перғауын III Аменхотеп салдырды. Патша сәулетшілерден бұл ғибадатхананың ешбір құрылысқа теңдеусіз ерекшеболуын талап етті. Шынында да, ғибадатхана бұрын-сонды жер бетінде болмаған ауқымды құрылыс болды. Амон — Күн Құдайына арнап тұрғызылған храм — бірнеше ғасырлар бойы салынды. Адам сенгісіз, биіктігі 20 м, диаметрі 4 м болатын тас бағаналардан тұрғызылған гипостиль — колонналы залдан тұратын ғибадатхананы тіршіліктен тыс бір күш тұрғызғандай әсер береді. Оның сұстылығы мен керемет зәулімділігі, бағаналар мен керегесіндегі, маңдайшаларындағы шымшытырық көптеген жазу мен бедерлеме суреттері көрген адамдарды таңдандырып, тұңғық қиял-ойға батырып, өзіне табындырып, құдіреттілігіне бас игізеді. Ғибадатхананың негізгі сарайының ұзындығы — 103 м, ені — 53 м, барлығы 140 бағаналардан тұрғызылған. Қарнак құрылысы өзінен кейінгі әлемдегі сәулет өнерінің тарихына үлкен бетбұрыс әкелді, бағаналы құрылыстардың дамуына жол ашып, үлгі болды. Кейінгі дәуірлерде тұрғызылған сәулет өнерінің қайталанбас маржандары саналатын Афины акрополи, Парфенон, Гера храмдары сонығайғағы.

Мысыр тарихына көз жүгіртер болсақ, қай дәуірде болмасын ондағы сәулет ғимараттары мен мүсін өнері бір-бірімен сабақтасып, бірге дамып отырған. Гизе пирамидаларын, оның қорғаушысы сияқты айбынды да асқақ Хефрен сфинксінсіз, Қарнак, Луксор алдындағы Құдай бейнелі мүсіндерсіз елестету ешбір мүмкін емес. Олар бірін-бірі толықтырып, жарасым тауып тұрған ғажап дүниелер.

Мүсін өнерінің ішінде өзінің көнелігімен де, асқақтаған ауқымдылығымен де Хефрен сфинксі ерекше көзге түседі. Денесі арыстан бейнесінде салынып, бас жағы перғауын Хефрен кейпін елестететін асыл ескерткіштің негізі табиғи гранит тастан қашалып жасалған. Осынау Хефрен мүсінінен бастау алған Мысырдың монументальді ескерткіш белгілері жан-жақты дамып, жайдақ бедерлеме өнерде де, керегелік-росписьтік өнерде де өзінің канондық ерекшелік өлшемділігін қатаң сақтап отырған. Әсіресе бедерлеме, келбеттік өнер туындыларында бейнелеу ағымы ерекше жетістіктерге жеткен. Оны біздің заманымызға дейінгі III мыңжылдықта жасалған сәулетші Хесирдің бейнесінен байқауға болады. Онда Мысыр өнеріне тән қасиет, нақты ережелер толық сақталған.

3-ШІ ДӘРІС.

Шығыс мәдениеті (Үнді, Қытай, Жапония)

XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында үнді елінде үлкен өзгерістер болды. Мұсылман феодалдары Солтүстік Үндістанды жаулап алған соң, үлкен орталық мемлекеттер құрыла бастады. Үнді елін жаулап алушылар, әсіресе дін жағына қатты ықпалын тигізді. Сонымен қатар мәдениетінде, сәулет, кескіндеме, қолөнерінде өзгерістер жасады. Солтүстік Үндістанда XIII ғасырдан бастап құрылыстар, жаңа мәдени орындар салына бастады. Мұсылман жаулап алушылары, әсіресе сәулет өнеріне орасан зор әсер етті. Үнді елінің салтына қатысы жоқ мешіттер мен мазарлар, кесенелер салды. Жаңадан қорғанысы бар қалалар, бай сарайлар, мазарлар, медреселер, яғни бұрын болмаған құрылыстар салына бастады. Үнді елінің қолөнершілері өздеріне жат өнермен — сәулет, ою өрнектермен таныса бастады. Олар әр түрлі тастармен жұмыс істеп, безендіруді үйренді. Мұсылман құрылыстарында үнді ою-әшекейлері мен арабтардан алынған аркалар, күмбез, мұнаралар аралас қолданыла бастады. Екі елдің сәулетшілері бірігіп жасаған жаңа минарет Кутб Минар 1230 жылы салынып бітті. Минарет биіктігі — 73 м. Бұл минарет — қабырғалары гофриленген (бүрмеленген), әдемі өрнектеліп, қатар-қатар белдіктермен бөлінген, алтындалып, қызыл құммен салынған, ортасында биікке көтеріліп тұрған күмбез

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

қиылған бұрыштары бар үй.

Үнді сәулет өнері XVI—XVII ғасырлардан бастап жаңа өзгеріске ұшырай бастады. Ұлы Ақбар басқармасы кезінде талантты суретшілерді, сәулетшілерді іздеп тауып, өздеріне жұмысқа алып, біріккен мемлекеттік үлкен құрылыстар — Агра, Фатхур, Сикри қалаларын безендірген сарайлар, саябақтар, мешіттер, кесенелер, үлкен қорғаныс бекіністер салғызды. Тәжі-Махал кесенесі X ғасырда салынған. Бұл кесенені Үнді, Түрік, Иран, Ауғанстан құрылысшылары салған. Моғол императорының қайтыс болған әйеліне арнап жасалынған Тәжі-Махал кесенесі дүние жүзіне белгілі болды. Бұл кесенені 20 мың адам 18 жыл бойы салды. Ғажайып әдемілігі үшін Тәжі-Махал "Үнді маржаны" деп аталды. Ол көгілдір аспанмен таласып, қиылған бұрыштары бар төртбұрышқа ұқсайды. Ортасында жерден 15 метрге жуық көтеріліп тұрған әдемі күмбез, үйдің жан-жағындағы бұрыштарда көлемі жағынан мұнан кішірек тағы да төрт күмбез бар. Осындай мұнаралар кесенеге жарасып, әдемі сымбат беріп тұр. Тәжі-Махал — аппақ қардай мәрмәрдан салынып, тамаша оюлармен нақышталған, айналасында су бұрқақтары бар саябақ. Ұлы Моғол империясы кезінде шығыс елінен шебер миниатюралар әкелінді. Моғол миниатюрасы әдеби шығармалармен тығыз байланысты болды.

Суретшілер патшалардың бастарын салумен қатар, төменгі деңгейдегі адамдарының бет пішінін де салды. Атап айтқанда, ақын, данышпан, оқымысты, малайлар, үй қызметшілері және т.б. бейнеленді. Сол кездегі суретшілер бояудың түрлі көздерін іздеді, артқы, алдыңғы план пайда бола бастады, жарық (күн) пен көлеңке енгізілді. Бірақ суретшілер осы ізденістер үстінде жүргенде бояудың әдемілігі мен әсемділігі, оның ырғақтылығы, құбылып тұрған өміршендігі бұрынғыдай сақталмады.

XVIII ғасырда моғол миниатюрасы өзін жоққа шығарды, яғни өзінің қасиетін төмендетті. XVII ғасырдың аяғында миниатюра кескіндеме мектептеріне ауысады. Раджастхан мектебі және Оңтүстік Үнді облыстарында Раджпут миниатюрасы деп аталады. Негізгі кейіпкері — Құдайларға, Шива және Великиз тәрізді халық батырларына арналған. Сол кездегі негізгі сюжеттер: махаббат сценасы, халық билері, музыкалық аспаптарда ойнап отырған музыканттар.

Әдемі Раджпут өнері халық өнерінің бірі болып саналады. XVIII ғасыр Үнді елі өнерінің тоқырау кезеңі болды. Колониялдық тәуелділік Үнді елінің өнерінің дамуына ұзақ уақыт кедергі болып, тоқтатып тұрды. Өнерінің деңгейінің өсуіне көп кедергі келтірді.

Орта ғасырлардағы Қытай мәдениетінің орны өте ерекше. Олардың өнері өзіне ғана тән қайталанбайтын қасиеттерімен дараланды. Үнді өнерімен салыстырғанда, ортағасырлық Қытай өнерінде анағұрлым қатаң әрі ұстамды стиль де және поэтикалық толғаныс та басымырақ.

Қытайдың ағаштан жасалған сәулеттік өнері өзінің пропорцияларының жеңілдігімен, айқындылығымен, өрнекті оюларының әсемдігімен және иілген қанаттарының ырғақтылығымен қызықтырады. Қытай кескіндемесіндегі анық байқалатын құбылыс — лиризм, аса қатты көзге түспейтін тұнық бояу түстеріндегі үйлесімділік. Ал Будда мүсіндері күшейтілген динамикаға мүлдем жуықтамайтын сызықтардың жұмсақтығымен, дене қимылдары мен бет пішінінің құндылығымен, дене құрылысының калыпты салмақтылығымен ерекшеленеді.

Елдегі феодалдық құрылым өте ертеде, II жән IV ғасырлар ширегінде қалыптасты. Шығыс елдерінің бірқатары ортағасырлық өркениетке енді ғана ене бастаған кездің өзінде, ондағы көркем өнер гүлденудің биік шыңына қол жеткізіп үлгерді. Орта ғасырлар Қытай тарихындағы барынша ұзақ мерзім ғана емес, бұл елдің рухани деңгейінің мүмкіндігінше көтерілген тұсы. Аса үлкен қалалар мен зәулім сарайлардың, бақтар мен храмдар, яғни көптеген құрылыстардың гүлденген кезеңі болды.

Бұл уақытта новелла, роман секілді әдеби шығармалардың жаңа түрі пайда болды.

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

Поэзия мен проза, театр мен музыка, мүсін мен сәулетшілік, кескіндеме мен көптеген қолөнер түрлері дамудың биік сатысына жетті. Шығыс елдеріне қытай философтары мен ақындарын, өнер теоретиктерін кеңінен таныстыруға мүмкіндік берген кітап басу өнері қалыптасты. Сонау алыс дәуірлердегі білім мен ілімді таратушылар, басқа елдердің өмірін зерттеп, сол елдерге өз білімін жеткізу үшін ұлан-ғайыр жерлерді аралап, түрлі қиыншылықтарды бастан өткізген саяхатшы ғалымдар және дәруіш монахтар еді. Солардың бірі Үндістандағы Ганга өзенінің жағасына дейін саяхат жасаған, сол саяхаттан алған бақылауларын "Батыс елдері туралы жазбаларда" керсеткен, VII ғасырдың тамаша философы Сюань Цзань еді. Сол кезеңдегі Жапония астанасы Нарадағы ең кереметхрамдардың бірі саналатын Тоседайзидің негізін қалаушы, будда уағызшысы Кан Син де тарихи ірі тұлғалардың бірі болып саналады.

Орта ғасырлар — Шығыс елдерінің өзара үздіксіз тәжірибе алмасу кезеңі болып табылады. Орта ғасырдың басында-ақ дамыған көркемдік дәстүрлерге қол жеткізген Қытай өнері, жазу үлгілерін таныту жағынан көршілес Жапония, Корея, Вьетнам елдеріне негіз болды. Өз кезегінде Қытай елі де Үндістан, Иран, Ауғанстан секілді көне мемлекеттерден үйреніп отырды. Орта ғасырлар ширегінде қытайлықтар Үндістаннан буддизм ілімін алып кірген буддалық пластикалардың бейнесін қабылдады. Ал Ираннан ою-өрнектің алуан түрі келді. Оларды Таң дәуірі кезеңіндегі мата өрнектері мен керамика формаларынан оңай байқауға болады. Қытайдағы феодализм дәуірінің ауқымдылығын, сан алуандығын көптеген ірі оқиғалар мен құбылыстар арқылы түсіндіруге болады. Елдің феодалдық мәдениетінің дамуында өнердің қалыптасуының бірнеше маңызды кезеңдері бар. Бұлар — алғашқы кезеңі (IV—VI ғғ.), гүлдену кезеңі (VII—XIII ғғ.) және орта ғасырлық кезең, яғни Қытайдың ұзақ тарихын тамамдайтын соңғы кезең (XIV—XIX ғғ.).

Басқа феодалдық мемлекеттер секілді Қытай өнері де ондағы өріс алған діни ұғымдармен тығыз байланысты болды. Негізгі ілім ретінде өте ертеде негізі қаланған конфуцизм мен даосизм, сондай-ақ оларды б.з. алғашқы ғасырында толықтырған буддизм діні өмір сүрді. Алайда Қытайдағы орта ғасырлық идеология Еуропа елдерімен салыстырғанда мешіт догмаларына анағұрлым тәуелсіз болды. Қытайдағы орта ғасырлық халықтық наным-сенімдерден тұратын, өте ертеден келе жатқан көптеген секталар мен діни мектептер арқылы айқындалды.

Қытай суретшілері мен сәулетшілері өздерінің дүниетаным заңдылықтары туралы түсініктері мен көзқарастарын кеңейту мақсатымен, бірде Мүсін өнері рельефке бет бұрса, бірде каллиграфия мен кескіндемеге жүгінді. Мәселен, орта ғасырлардың алғашқы кезеңдерінде дүниенің құрылымы туралы түсінік, көбінесе буддалық пластикамен және аспан әлемінің тұрғындары деп саналатын музыканттармен, бишілермен, еңқыршылармен байланыстырылды. Буддизм табиғаттағы көне мәдениет дәрежесіне еніп, өзінің жетекші рөлін жоғалта бастаған кезеңнен бастап, Будда образы дүниетаным мен санадан ығысып шықты. Ал қытай өнеріндегі жаратылыстың сұлулығы мен заңдылықтарын поэтикалық жағынан барынша көрнекті формада жеткізуге мүмкіндік берген кескіндеме атқарушы рөлге ие болды. Ортағасырлық қытай өнерінің нағыз пісіп-жетілген шағы да осы кескіндемемен тығыз байланысты болды.

Қытай кескіндемешілері VIII ғасырдың өзінде мөлдір әрі дымқыл минералды бояулармен қатар әр түрлі реңкке бай қара тушьты да пайдалана бастады. Жазудың түрлі әдістері де осы кезеңде өріс алды:

Көрерменнің картинадағы әрбір ұсақ детальдарға дейін анық көрінуін талап ететін, мұқияттылықты қажет қылатын "гун-би" ("тәртіпті қылқалам") әдісі болды.

Бітпеген еркін жұмысты көрсететін "се-и" ("идея кескіндемесі") әдісі. Соңғысы көрерменнің қиял деңгейіне қарай суретшінің одан жасырып қалған сырларын өзі ашып алуға мүмкіндік береді. Ештеңемен толтырылмаған ашық түсті фон мен өте икемді әрі анық сызықтардың, қанық бояулардың үндестігінде қытай кескіндемесіндегі көркемдік

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

әдістердің құпия сыры жасырынып жатыр.

Бойына ылғалды тушыпен бояуды жеңіл сіңіріп алатын картинаның жібектен жасалған бетін кескіндемешілер — бірде ауа кеңістігі деп, бірде өзеннің тұнық түсі деп, кейде тұманды көкжиек деп қабылдады. Қытайдың пейзажды картиналары еш уақытта тікелей натурадан салынған емес. Олар тек есте сақталатын табиғаттың ең сенімді деген, нанымды деген құбылыстарын, жаратылысқа тән қасиеттерін ғана көрсетуге тырысады. Осыдан келіп орта ғасырдағы пейзаждарға берілген атаулар шығады — "шань-шуй" яғни "таулар-сулар". Тау көне дәуірлердің өзінде жаратылыстағы алып күш — "яньмен" байланыстырылса, су нәзік өрі жұмсақ, баяу әйел затының негізі — "иньмен" шендестірілді. Осылайша пейзаж атауының өзіне көнедегі натурфилософиялық ілімнің аса маңызды түсініктері мен ұғымдары негіз болды. Табиғатты бейнелейтін қытай картиналарының бәрін пейзаж деп қарауға болмайды. Таулар мен сулардың классикалық формадағы бейнесімен қатар, өзге де формалар — табиғат фрагменттері немесе оның жекелеген құбылыстары да беріледі. Оған Қытайдағы "гүлдер құстар", "өсімдіктер-жәндіктер" деп аталатын кескіндеме жанры секілді табиғаттың сұлулығын ашып көрсететін белгілі бағыт жатқызылады. Бұл жанрдың шығармалары тек орама қағаздарда ғана емес, сондай-ақ төртбұрышты альбом парақтарында, шымылдықтар мен желдеткіш перделерінде жазылады. Бірде шымшық торғайды бейнелесе, бірде лотос гүлінің жалпақ жапырағында отырған шырыл- дауық шегірткені көрсетеді. Қытай суретшілері осылай ашылып келе жатқан гүлдің немесе аңның әрбір қимылын үлкейткіш шыны арқылы қарағандай дәл, бейнелеп көрсетуге, сол арқылы кішкентай сахнаға табиғаттың тұтас картинасын сыйғызуға тырысқан.

Ортағасырлық қытай кескіндемесі өзінің сан түрлілігімен, жаратылыс сырын нәзік те терең түсіне білуімен ерекшеленеді. Дүниетаным мен ұстанымдарының тереңдігі қытайдың ортағасырлық мәдениетінің белгілерін бүгінгі күнге жеткізді, күр жеткізіп қана қоймай, оны бар сән-салтанатымен түсінікті, тым жақын етіп көрсетті. Әрине, ұзақ, мерзімді қамтыған орта ғасырдың барлық кезеңдері қытайдың өнері мен мәдениеті үшін жемісті болды десек, қателесеміз.

Ең көне кезеңнен бізге жеткен суретші Гу Кайчжидің орамалары (шамамен 340—406 жылдары) қытай кескіндемесіне жаңа поэтикалық ноталардың енгенін көрсетеді. Оның "Сарай бикештеріне арналған өсиеттер" картинасы көп жайдан хабардар етеді. Ұзынша орама формасында орындалған бұл жұмыс әр түрлі тоғыз сахналық көріністен тұрады. Чжан Хуаның поэмаға арналған иллюстрациялары сарай аксүйектерінің тұрмыс-тіршілігімен таныстырады. Әрбір сахна бір-біріне ұқсамайтын өлең құрылыстарымен ерекшеленетін дербес жанрлық композиция. Гу Кайчжи іс-әрекет өтіп жатқан жерді, мекенді мүлдем көрсетпейді десе де болады. Оның тұлғалары алтынатылған жібек фонда еркін орналасқан. Мұндай әдіс-тәсіл көне қытай дәуірінде-ақ қалыптасып үлгерген еді. Феодалдық қытай өнерінің бар ерекшелігі келесі кезеңде елдің ортағасырлық өркениетінің барынша дамыған тұсында ажарлана түсті. Бұл тарихта мәдени жетістіктерінің ізін қалдырып кеткен екі бірдей ірі мемлекет Таң (618—907) және Сұң (960—1279) империяларының бірігуімен байланысты еді. Қытайдың рухани өмірі үш ғасыр бойында айтарлықтай шырқау биікке көтерілді. Өнердің, шығармашылықтың түрлі салалары — сәулет өнері мен кескіндеме, мүсін мен қолданбалы өнер, поэзия мен проза кемелденіп, гүлдене түсті.

Таң және Сұң кезеңінің кескіндемесі өмірдің көптеген жақтарын ашып көрсетті. Онда көрініс тапқан құбылыстардың ішінде қалалықтардың тұрмыс-тіршілігін жіті бақылау, жаратылысқа аса мұқияттылықпен назар аудару басты орын алды. Кескіндеме мен поэзия біртұтас бөлінбес бірлікке айналды.

Таң және Сұң кезеңінің суретшілері өз таланттарын танытудың түрлі жолдарын тапты. Олар сарай қабырғалары мен храмдарды безендірді, желпуіштерге миниатюрлі

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

кескіндемелік композициялар салды. Көлемді орама қағаздарда қала және сарай өмірін, пейзаждарды, портреттерді, тұрмыс-тіршілікті, аңыздар мен саяхатшылықтың сюжеттерін бейнеледі. Орамалар өзінше кескіндемелік кітап қызметін атқарады. Онда суретші өзінің алған бар әсерін дербестеп, ұсақ бөлшегін көрсете алды. Көркем шығарманың композициялық құрылымы өте күрделі орама қағаздарға салынған сурет үздіксіз ойды білдіреді.

Таң сарайы суретшілерінің жібекке салған суреттерінің сюжеті ретінде сарай тіршілігі, бикештер серуені, ғалымдардың әңгімелесу сәті алынды. Сонымен қатар әрбір шебердің өзі сүйіп жазатын белгілі бір тақырыбы болды. Әйгілі У Даоцзы будда жазбалары тақырыбына композициялар мен портреттер жазса, Хань Гань жылқы малын салумен әуестенді, Янь Либэн "Жэньу" жанрында ("адамдар мен заттар") жұмыс істегенді ұнатты. Сол кездегі атақ пен даңққа бөленген суретшілердің бізге жеткен еңбектері саусақпен санарлық. Олар — қырғын соғыс пен табиғат апаттарының құрбаны. Солай бола тұра, бізге жеткен шағын образдарының өзі Таң кескіндемесінің биік деңгейін тануға мүмкіндік береді.

Янь Либэннің (600—673) "Түрлі династиялардың әміршілері" атты орамасы — көне жанрлық композициялардың бірі. Оны Хан дәуіріне дейін билік құрған отыз императорды көрсетуге арналған топтық портрет деуге де болады. Осы картинаның стилінде жібек бетіне көсілте жазылған топтамалардың ұзақ, жылдарға созылған дәстүрлілігі байқалады. Императорлардың тұлғалары қимылсыз қалпында бар тәкаппарлығымен көрінген. Бет әлпеттері орта ғасырлар ханымдарының шарттарына сәйкес жасалған. Суретші кейде императорды табиғи калпында беру үшін оларды іс-әрекет үстінде көрсетуге тырысады. Әсіресе бұл портреттерді жазудағы суретшінің бет сызықтарын, шаш үлгісін, киіміндегі жеңіл қатпарларды анық әрі жеңіл сызықтар арқылы еркін көрсете білуі таң қалдырады. Солтүстік Сұң кезеңінің кескіндемешісі Сюй Даоның ұзын горизонтальді орамадағы "Тау арнасынан балық аулау" картинасы алыстан мұнартып көрінетін дала және өзінің беймәлім күшімен белгісіз әсерге бөлейтін тізбектелген таулар сілемімен басталады. Сирек кездесетін өсімдіктермен көмкерілген биік тау шыңдары, тасты майда өзендер мен үлкен айнакөлдін салмақты қалпы — бәрі біртұтас алып ырғаққа бағынып тұр. Бүкіл пейзаж тек қара бояудың еркіне көнген, анық графикалық сызықтар мен жайылған жұмсақ таңбалар бірлесе жарасымды үйлесім тапқан. Көруші дымқыл ауамен қатар, таңғы табиғат бояуының түсін де анық сезінеді. Мұндай аз нәрсемен көп дүниені аңғарту тәсілі табиғатты жіті бақылаудың нәтижесі деуге анық болады. Пейзаждың ірі шебері атанған Го Сидің (шамамен 1020—1100) "Ерте көктем" де жаратылыс сұлулығын терең сезіне білуге негізделген. Ұзақ қысқы ұйқыдан оянып келе жатқан әлем әрекетке толы. Картинадағы ырғақ тым белсенді, сабырсыз. Таулардың күңгірт сұлбасы тұманды бұлттардан әрең байқалады, ал ағаштар кәрі бұтақтарын керіле жайып келеді. Кеңістіктің шексіздік әсерін, таулардың алыптығын көрсетуге ораманың тіке формасы көмектеседі. Сұң дәуірінің көптеген суретшілері Таң дәстүрін жалғастыра отырып, тұрмыстық тақырыптарға да картина жазды. Өздерінің ұзын орама повестерінде Кайфын қаласының халқы көп мереке-думан өмірін, балалардың ойының шеберлікпен бейнелей білді. Мұндай картиналар тек қызғылықты оқиғаларымен ғана ерекшеленбей, тұтастай композицияларымен де дараланды. Жануарларды бейнелеу, портрет салу жанрлары да гүлдену дәрежесіне жетті. Мұнда тек пейзажды кескіндеме ғана сол дәуірдегі қытай мәдениетінің бет бейнесін айқындай алды.

Орта ғасырлардың соңғы кезіндегі суретшілер адамның ішкі әлеміне жақындау үшін портреттік кескіндемені де өрістетті. XVI—XVIII ғасырларда түрлі портреттердің ішінде ата-бабаны дәріптеп отыру дәстүрімен байланысты салынатын аксүйектердің өлер алдындағы портреттері үлкен құрметке ие болды. Ортағасырлық қытай портреттеріне тән қасиет — адамның бет-әлпетін оның тағдырымен байланыстарды салу. Сондай-ақ оның туылған кезіндегі ғаламшарлардың аспандағы орналасу тәртібінің оның тағдырына

каншалықты әсері болғанын көрсету. Бұл ілімнің негізінде қытай суретшілері беттің әрбір мүшесін басқалармен сәйкес етіп бейнелеу ережесінің толық жүйесі жасалады. Жерлеу алдындағы салтанатта ғасырлық конфуцийлік жүйенің бар төлім-тәрбиесі кеңінен көрініс тапты. Мәңгілікке бет түзеген адамдардың жүзі күнделікті күйбең тіршіліктен баз кешкендей, портреттен қатал тұлға маңғаздана қадалады да, қимылсыз, сұсты көздер тым алысты көздеді.

Бірақ, суретші белгілі бір адамның көзқарас ерекшелігін жазбай таниды. Мұны XVI—XVIII ғасырлардағы "Төре әйелінің портреті", "Патриарх Чан Мэй Лаоцзи портретінен" байқауға болады. Олар суреттің бет-әлпет арқылы өз кейіпкерлерінің жас шамасын, билік құмарлықтарын, тіпті шаршаңқы сәттерін дәл көрсете білген шынайылықтармен құнды. Жалпы айтар болсақ, феодалдық мәдениеттің дағдарысқа тірелген де қытай кескіндемесі өзінің өміршеңдігін жойған жоқ.

Жапон өнері VI—VIII ғасырлар [жапон елінің феодализм](#) дәуіріне аяқ басқан кезі. Жас [Жапон мемлекетінің](#) дамыған [Корей](#) және [Қытай](#) елдерімен қатынасы арта бастады. Олардан мемлекет құрылысын, жер өлшеу, өңдеу шаруашылығы мен хат тануды үйренді. Соның ішінде айта кететін жай — [буддизмнің](#) келуі. [Буддизм](#) жапон халқының ауызбірлігіне және басқа [Азия](#) мемлекеттерімен қарым-қатынасының дамуына себебін тигізді. [Жапон](#) жерінде бұл өзгерістер үлкен рөл атқарды. Осы VI—

VIII ғасырларда сырттан келген жаңа [идеялар](#) ағымын қайта өңдеу арқылы **жапон өнері** жаңа сатыға көтерілді. Сөйтіп, өзінің жеке көркем дамуы басталды. VI ғасырдың соңы **жапон өнеріндегі** жаңа көркем образдар ағымы кезеңі болды. Бұл образдардың барлығы [буддизммен](#) қатысты еді. [Буддизм монастырьлары](#), [храмдары](#) құрылысы жылдам жүргізіле бастады. Бұл құрылыстардың негізгі типі [Қытайда](#), [Кореяда](#) қалыптасқан.

Бірақ [Жапонияның](#) өзіндік ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер жасалды. Ең үлкен және ең монументальді [будда ансамбльдерін](#) салу VIII ғасырдан басталды. Бірінші рет [Орталық қала](#) — [астана Нара](#) бастапқыда [Қытай](#) үлгісінде салынған еді. [Нара](#) қаласының жобасы тік төртбұрыштан тұрды, ұзындығы 10 км. Негізгі [магистраль](#) оны екіге бөліп тұрды. Олардың әрқайсысы [кварталдарға](#) бөлінді. Солтүстік аумағын [император](#) сарайы иемденіп жатты. Сол кездегі ең үлкен құрылыс — [Дайбуд](#) (үлкен [будда](#))

[храмы](#) қаланың шығыс бөлігінде орналасқан. Бұл [храмда](#) 16 метрлік [Будда](#) статуясы бар. [Храм](#) құрылысына 20 жыл ішінде көптеген адамдар қатысқан. Бұл храмның ашылуына әр елден қонақтар келген. Оның даңқы әлемге сол кездегі ең үлкен ағаштан салынған

[храм](#) ретінде танылды. Орта ғасырларда [бейнелеу өнері](#) және ең бірінші кезекте [мүсін өнері](#) дамыды. Мүсіндер [монастырьларды](#) көркемдеу үшін орындалды, көбіне олар қоладан жасалды. 623 жылы [Тори](#) деген мүсінші қоладан өзінің шәкірттерімен бірігіп, [Хорюдзи](#) монастырының триадасы [Сака Нерайды](#) жасаған. Бұл өзі шағын, бар болғаны 86 см [Құдайлар](#) бейнеленген мүсін. Олар нақты [канондарды](#) сақтап орындалған, жан-жағында екі көмекшісі бар мүсін өзінің формасымен трагедиялық [комедия](#) құрайды.

VII ғасырдағы будда образдары VIII ғасырда храмдардың кеңеюіне байланысты [будда](#) пластикасына өзгерді. Жан-жағындағы [статуялар](#) көбейіп, олардың орындалу [техникасы](#) күрделене түсті. Жоғарғы [Құдайлармен](#) қатар статуялар, храмдарда жартылай

Құдайлар фигуралары пайда бола бастады. Бұл қорғаушылар, сактанды-рушылар еді. Олар көбіне өте ашық боялған саздан сомдалған. [Жапония](#) өнерінде XVI ғасырдың соңында кескіндемеге көп көңіл бөлінді. Енді [храм](#) мен [монастырьлар](#) сәулет өнерінде

басты рөлді атқарған жоқ. [Момояма кезеңінде](#) [Муромати кезеңінен](#) ауысқан басшылар өздерінің күдіреттерін көрсетіп, қалаларының сыртынан күшті қорғандар салды. Олар [қала](#) қабырғаларын айналдыра, қалың сақиналы тастармен қалаған. Әшекейленген ең әдемі қорғанның бірі — [Химедзидегі Хакүродзэ](#). XVII ғасырдың басында [Киотода](#) [Нидзэ үй сарайы](#) салынды. Оның қабырғаларында түрлі жазулар бар, төбесі өрнектелген. [Алтын фондағы гүл](#) мен шөптер, үлкен жап-жасыл тоғай бүкіл қабырғаны алып тұр. Жұмсақ

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

алтындалып жазылған жазулардың жарығы бөлмені жарықтандырып тұрады. Бұл жарық сол жердегі заттардың қасиетті екенін көрсетеді. Суретшілерге қалың қабырғаларда, қағазды қыртыстарда жазу керек болды. Өте керемет талантты шеберлердің бірі — [Кано Эйтоку](#) (1543—1590) болды. Ол түрлі түсті пейзаждарды салды. [Кано Эйтокудың](#) алтындалып жасаған көптеген [композицияларында](#) бейнеленген [гүл](#), [шөптер](#), тал мен [торғай](#) дүниенің керемет екенін көрсетеді. [Кано мектебінде табиғат](#) көріністерімен қатар жаңа [Жапония](#) қаласының XVI ғасырдағы [өмірі](#) мен тұрмысын суреттейтін көріністер көп.

4-ШІ ДӘРІС.

Антика мәдениеті (Грек, Рим, Византия)

Ежелгі грек мифтері тәңірлік әрекеттер туралы баяндаса, ішінара ғажайып батылдық дарыған әр алуан ерлі-зайыпты Құдайлар ұрпағы болып есептелетін қаһармандардың ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын суреттеуге арналған. Бұл бағзы хикаялар мен аңыздарды римдіктер де пайдаланған. Жаңа дәуірде ол хикая-аңыздар ежелгі грек мифологиясы дейтін ортақ атаққа ие болды. Басқа да ежелгі заман халықтарының аңыздары мен хикаялары сияқты, ежелгі грек мифтері де уақыт өткен сайын біртіндеп пайда болған. Табиғи және қоғамдық ортаның құбылыстарын өзінше бейнелеп, хикаялармен толықтырыла отырып, эпикалық поэмалар ("Илиада", "Одиссея", "Теогония", т.б.) фабуласына көтерілген.

Бірте-бірте Грекияның әр түрлі аймақтарында белгілі бір Құдай немесе қаһарман хақындағы тұтас хикаялар циклі қалыптасқан. Крит аралында бұқаға айналып, Финикия патшасының қызы Еуропаны ұрлап әкеткен Құдай — Зевс туралы әңгімеленеді. Ал Крит патшаларының түпкі тегі осы Еуропадан тараған, олардың ішіндегі ең көрнектісі Минос болатын. Бір қатар аңыз-хикаялар соның есімімен байланысты.

Пелопоннестің солтүстік-батысындағы аңыз-ертегілердің кең танымал қаһарманы — Пелопс. Грекияның бүкіл оңтүстік түбегі соның есімімен аталады. Аргонидада Зевс ұлы Персей туралы әңгімелеген. Микен қаласының билеушісі Атрей мен оның ұрпақтары туралы, әсіресе кіші Азия қаласы Трояны басып алғаны туралы айтылады. Еліне қайтып оралған соң, өз әйелі Клименестра мен оның сыбайластарынан, опасыздықпен әкесін өлтірген басқа да адамдардан кек алуы жайлы хикаялар да осы жерде пайда болған. Беотида Фивы қаласының негізін салған Кадм мен оның ұрпақтары туралы аңыздар циклі туған. Олардың ішіндегі есімі ең кең тарағаны Эдип патша еді. Ол өз еркінен тыс, тағдыр бұйрығымен сұмдық қылмыстар жасап, сол қылмыстарын ауыр азаппен өтеген.

Аттикада теңіз Құдайы Посейдонның ұлы деп есептелген Тесей патша туралы хикаялар тараған. Тесей Аттиканы Крит патшасы Миностың құлдығынан азат етеді де, оны біріктіріп, Афиныны мемлекеттің астанасы жасайды. Ақырында солтүстіктегі Эпирден жер-жердің бәріне Зевстің күдіретті ұлы Геракл туралы, оның ерліктері, қайғылы тағдыры жайлы әңгімелер айтыла бастайды. Сөйтіп, оның Крит аралын бағындырғаны, Олимпте Зевстің құрметіне ойындар ұйымдастырғаны, бейтаныс елдерге жасаған саяхаттары, өзі қайтыс болған соң тәңіріге айналғаны жайлы аңыздар тараған. Дегенмен де тайпалық көсемдердің Трояға қарсы жасаған грек жорығы, қаланы коршауға алуы, көптеген қаһармандардың, әсіресе Одиссейдің бастан кешірген оқиғалары мен михнаттары туралы поэма мейлінше мол таралған. Гректер соқыр жырау Гомерді осы поэмалардың авторы деп есептейді. Гомер поэмалары бірнеше ұрпаққа ауыздан-ауызға тарап жетті. Тек б.з.д. VI ғасырда ғана ол поэмалар Афиныда жазылып алынып, әдеби шығармаларға айналған. Гомер поэмасының қаһармандары — Ахилл, Одиссей, Гектор, Агамемнон, Менелай, Парис, Телемах, Приам, Нестор, Андромаша, Елена, Пенелопа және т.б. ерте заманда-ақ ел арасында кеңінен мәлім болған. Олар кескіндеу мен мүсіндеу өнерінде де бейнелене бастады. Поэма эпизодтары Помпейден табылған қабырғалардағы сыр суреттің бейнелі

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

композицияларының немесе қираған ескі қалаларда сақталып қалған аумақты мозаикалық шығармалардың тақырыбы болған. Б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген грек философы Платонның өзі-ақ Гомер поэмаларының ежелгі грек қоғамының мәдени өмірі үшін ерекше маңызы болғанын атап көрсетеді. Гомер есімі жұртқа кеңінен тарағанына қарамастан, осы уақытқа дейін ақынның өмір сүрген уақыты, туған жері белгісіз болып қала берді. Осынау тамаша ақынның туған жері аталуы үшін де ежелгі Грекияда жеті қала таласқан. Гомер жөнінде өмірбаяндық деректердің жоқтығы ежелгі грек тарихы мен әдебиетін зерттеуші ғалымдардың ақынның нақты тарихи өмір сүргеніне күмән келтіруіне де негіз болған. Уақыт өткен сайын ауызекі түрде біреуден-біреуге таралып отырған "Илиада" мен "Одиссеяның" бастапқы мәтініне бірқатар қосымшалар енгізілген.

Б.з.д. V ғасырдағы Афины драматургтері Эсхил, Софокл, Еврипид трагедияларындағы басты образдар Құдайлар болып табылады. Ежелгі гректің көптеген ақындары өз шығармаларында мифтік хикаяларды баяндаған. Рим империясы заманында өмір сүрген грек және рим авторлары да шығармаларында ежелгі гректердің бірқатар мифтік хикаяларын келтірген.

Жоғарыда атап айтылғандай, антикалық, әсіресе ежелгі грек өнерінің көптеген шығармаларында Құдайлар мен қаһармандар образы бейнеленген. Грек мифологиясы грек өнерінің тек арсеналы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге оның негізін де қалады. Антикалық грек-рим мәдениеті осы заманғы барлық еуропалық халықтардың мәдени дамуына өте күшті ықпал жасады. Еуропаның әр түрлі елдерінің жазушылары, суретшілері мен музыканттары грек мифологиясының эпизодтарын қайтадан өз шығармаларына сюжет ете бастады. Мифтік сюжеттерге италия суретшілері Сандро Боттичеллидің ("Венераның тууы", "Көктем" картиналары), Тицианның ("Айна алдындағы Венера" картинасы және басқалары) кейбір шығармалары арналған. Аса көрнекті италия мүсіншісі Бенвенуто Челлини өзінің ғажайып Персей мүсіні үшін де сюжетті көне грек мифологиясы образынан алды.

XVII—XVIII ғасырларда Еуропа өнері қайраткерлерінің ежелгі грек мифологиясы сюжетін пайдалануы одан әрі өрістей түсті. Ежелгі грек мифологиясынан алынған сюжеттерге аса көрнекті фламанд, француз, голланд суретшілері

- Рубенс ("Персей мен Андромеда", "Венера мен Адонис" және басқалары),
- Ван Дейк ("Марс пен Венера"),
- Рембрандт ("Даная", "Палада Афинының басы"),
- Пуссен ("Жаңғырық пен Нарцисс", "Сатир мен Нимфа", "Полифем табиғат аясында", "Геракл табиғат аясында" және басқалары),

Бернини ("Аполлон мен Дафна") және басқа көптеген суретшілер картиналар жазды. Грек мифологиясынан алынған сюжеттер негізінде У.Шекспирдің "Троил мен Крессида" пьесасы, "Венера мен Адонис" поэмалары жазылған, мифологиялық қаһармандардың есімдері Шекспирдің басқа да көптеген шығармаларынан кездеседі. XII ғасырдың екінші жартысында аса көрнекті француз драматургтері Корнель мен Расин де грек мифологиясынан алынған сюжеттерге шығармалар жазды. Этрустар Кіші Азиядан келген, оған дәлел, қолдарынан шыққан өнер туындылары көшпелілердің өнеріне өте ұқсас екен. Олар Италия жеріне, шамамен, б.з.д. XII—IX ғасырларда қоныс аударған. Этрустар грек өнерін жоғары бағалады және олардың аңыз-әңгімелеріне жақындау болды. Бұл тайпалар өте еңбек-қорлығымен көзге түсті. Көне тарихи деректердің сипаттауы бойынша, олар егін егуде, жерді суландыруда ірі жетістіктерге жетті. Сонымен қатар сауда жолында және теңіз айдынында шебер теңізшілер болған. Олар өздерінің тұрғызған кемелерімен Мысыр, Финикия, Карфаген, Грекия және Испания елдеріне саяхаттап, қызу сауда жүргізген. Б.з.д. 474 жылы италиялықтар этрустарға соққы береді, сауда жолдарынан ығыстырып, қуатынан айырады. Сөйтіп, V ғасырдың басында этрус мәдениеті құлдырай бастады. Қақтығыстарға

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

карамай этрус суретшілері грек өнерінің мол мұраттарын өте шебер пайдалана білді және этрустардың өнері Римнің көркем өнерін жоғары деңгейде қалыптастыруға ерекше үлес қосып отырды. Б.з.д. IV—II ғасырлар аралығында Рим күшеюіне байланысты Жерорта теңізі маңайындағы, яғни жан-жағындағы мемлекеттерді жаулап ала бастады, содан б.з.д. I ғасырда ірі құл иеленуші күшті мемлекеттердің біріне айналды. Рим мәдениеті, өнері этрустар мен гректердің әсерімен дамыды. Римдіктердің тарихына этрустардың бірнеше ғасыр бойы өсер еткендігінің белгілері әлі де сақталып келеді. Жан-жағындағы елдерді жаулап, өзінің билігін жүргізген римдіктер, оларға тәуелді, яғни тиесілі патшалықтардың ең құнды заттарын, әсем ескерткіштерін өз еліне әкетіп жатты. Сонымен Грекия Римді, бір жағынан, өз сәулетшілігімен жоғары көтерсе, екіншіден, қоғамдық ғимарат алаңдары неше түрлі мүсіндерге толды. Олардың ішінде Фидий, Мирон, Поликлет сияқты ұлы шеберлердің туындылары болды. Римдіктер көп нәрсені грек өнерінен үйренді, олар грек сәулет өнерін жоғары бағалаумен қатар, өте жақсы игерді. Оны сол кезеңдегі құрылыстардан байқауға болады. Рим шеберлері құрылыстарды қалыпты етіп тұрғызуда гректер мен этрустардың және шығыс елдерінің бай тәжірибесін пайдаланды. Рим сәулет өнерінде бастапқы орында тұрған Рим форумы ерекше аталады. Ең алғашқы форум Помпей атауымен белгілі. Бейнелеу өнерінде римдіктер портретке көп көңіл бөлді. Олардың портреттік мүсінінде нақтылық пен айқындық бар, онда Рим өнерінің ерекше көркемдігі көріне бастады. Тарихи тұлғаларды мүсіндеу жолға қойылды және ақиқат, шындық бейнелер жасау мақсат етілді. **Рим империясы өнері (б. з. д. IV—I ғасырлар)**

Біздің жыл санауымыздың басында Италияда республикалық құрылыс құлап, оның орнына Рим империясы орнады. Алғашқы император болып Октавиан Август тағайындалды. Ол басқарған үкімет басқа халықтарға қатысты өте қатаң саясат ұстады. Август елдің мемлекеттілігін сақтады және құрылысты жаңартты, императорлық билікті қаз қалпында ұстады. Бұл император үлкен реформаторлық өзгерістер әкелді.

Августың дәуірі өнерді гүлдендіру, яғни гректің классикасын жалғастыру кезеңі болды. Император саясатта да, әдебиетте де, өнердің барлық түрінде римдіктердің басқалардан артықшылығын баса көрсетті. Ең алдымен, Рим қаласын қолға алды, ескі кірпіштен қаланған шаһарды қайта жаңғыртып, жарқыраған ак мәрмәр тастан салдырды. Осындай құрылыстардың ішінен 50—70-жылдары салынған Колизей амфитеатры ерекше аталады. Оның қабырғасы ірі тас кесектерден қаланған және биіктігі 50 м-ге дейін жетті. Амфитеатрға 50 мың адам сыяды. Оның ішінде жүздеген бөлмелер, демалатын, жуынатын, тіпті жабайы аңдарды ұстайтын, бағатын орындар болған. Сонымен қатар қала кең көлемді кітапханаларымен әлемге танылды.

Императорлар өздерінің жеңісі мен айбынын білдіретін ескерткіер соғуда арқа тәсілін қолданды. Осындай арканың бірі — император Титидің жеңісіне қойылған ескерткіш. Ескерткіштің жалпы биіктігі 20 м-ге жетеді.

Империя дәуірінде өмір сүрген абыз, ақсүйектердің қалай тұрғанына, әсем өрнекті құрылыстарының қандай болғанына Геркуланум мен Помпей қалдықтарынан көз жеткізуге болады. Олардың үйлерінің, сарайларының керегелері росписьтермен көмкеріліп, мозаикалармен безендірілген. Сондай әсерлі, әдемі мозаиканың бірі Фавы үйінен табылған еді. Ондағы мозаика көлемді, 15 м² аумақты алады. Көрікті де көркем шығармада Александр Македонскийдің парсы патшасы Дариймен соғысы әсерлі бейнеленген. Императорлық Римде бейнелеу өнерімен қатар салтанатты сәулет кешендері, қорымдар салу жоғары деңгейге көтерілді. Траян қорымын көне қорымдардың бірі ретінде қарастыруға болады. Ол орасан зор аумағымен, еңселілігімен көзге түседі.

Жалпы, қорым төртбұрышты алаңды алып жатыр, аумағы 116х95 м-ге дейін. Алаңның дәл ортасында атқа мінген император Траянның коладан құйылып, алтынмен апталған мүсіні бар. Қазіргі кезде бұл қорымнан тек мүсін мен Траян мұнарасы ғана сақталып қалған. Осы

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

атақты мұнара бедері сол кездегі Рим империясы бейнелеу өнерінің ең көрнекті ескерткіші болып табылады.

ВИЗАНТИЯ ӨНЕРІ Византия елордасы Константинополь қаласы болды, император Юстиниан I заманда ірі қала болды. Византия империясы – 395 – 1453 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Алғашында «Ромейлер империясы» деп аталған. Византия атауын зерттеуші ғалымдар енгізген. «Византий» (грекше Byzantion) деген Босфор бұғазы жанындағы біздің заманымыздан бұрынғы 680 жылы іргесі қаланған ежелгі грек қаласы. 324 жылы Рим империясының астанасы осы қалаға көшті де, 330 жылдан бастап Константинополь, ал 1453 жылдан бері Стамбул деп аталды. Астана Константинопольге көшкеннен кейін Рим империясы біртіндеп Батыс және Шығыс бөлікке бөліне бастады. Толық бөліну 395 жылы жүзеге асты. Византия құрамына Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет, Киренаика, Месопотамия, Армения, Эгей теңізіндегі аралдар (Кипр, Крит, Родос, т.б.), Қырым түбегі кірді. Халқының этникалық құрамы әр түрлі (гректер, дактар, копттар, фракийліктер, сириялықтар, еврейлер, армяндар, грузиндер, тағыда басқа) болды. 4 – 6 ғасырлар аралығында халқының саны елу миллионнан алпыс бес миллионға дейін жетті. Экономикада, саяси өмір мен мәдениетте гректер үстемдік құрды. Византия тарихы шамамен үш кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде (4 – 7 ғасырлардың ортасы) өкімет билігі императордың қолында болды. Ол күшті армия мен флот ұстап, өз шекараларын қорғап, тіпті басқыншылық соғыстар жүргізді. Византия Еуропадағы ең дамыған мемлекетке айналып, саудагерлер Батысқа Шығыстың қымбат тауарларын апарып, қатты байыды. Әсіресе, император Юстинианның тұсында (527 – 65) мемлекеттің әскери қуаты артып, төңірегіндегі ұсақ мемлекеттерді өзіне қосып алды. Ол шіркеуге қолдау көрсетіп, сол арқылы Батыс пен Шығыс Рим империяларын қайтадан біріктірмекші болды. Ұлы Жібек жолына үстемдік жасау мақсатында Иранға қарсы Түрік қағанатымен әскери одақ құрылды. Кейбір түркі тайпалары Византия әскеріне қызметке тұрып, Кіші Азияға, Кавказға, Балқан түбегіне қоныстана бастады. Бірақ Юстинианның мұрагерлері билікті ұстап тұра алмады. 7 ғасырдың аяғында Юстиниан тұсындағы ел аумағының үштен бірі ғана қалды. Екінші кезеңде (7 ғасырдың ортасы – 13 ғасырдың басы) Византия бірте-бірте грек-славян мемлекетіне айналды. Жерінің кішірейгеніне қарамастан, ол Жерорта теңізіндегі ең қуатты державалардың бірі болды. Бірақ 1204 жылы крестшілер Константинопольді басып алғаннан кейін, Византия біртұтас мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты.

Үшінші кезеңде (1204 – 1453) Византияның крестшілер жаулап алған бөлігінде Латын империясы (1204 – 61) құрылды. Қалған бөліктерінде Никей империясы (1204 – 61), Трапезунд империясы (1204 – 1461), Эпир мемлекеті деген тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Олар Латын империясына қарсы үздіксіз соғыс жүргізді. Онда Никей империясы шешуші рөл атқарып, 1261 жылы Михаил VIII Палеолог Константинопольді басып алып, Византияны қалпына келтірді. Бірақ Трапезунд пен Эпир мемлекеттері оған қосылмай, дербестіктерін сақтап қалды. 14 ғасырдың басында түріктер Византияның Кіші Азиядағы иеліктерін толығымен басып алып, Балқан түбегіне шабуылдаумен болды. Олар 1453 жылы жиырма тоғызыншы мамырда Константинополь қаласын басып алды. 1461 жылы түріктер Трапезунд империясын да басып алғаннан кейін, Византия империясы өзінің өмір сүруін тоқтатады. Оның территориясы толығымен Осман сұлтандығының құрамына енді. Византияның архитектурасы мен бейнелеу өнері адамзат мәдениетінің дамуына зор әсерін тигізді. Мұнда құрылысы жағынан күрделі, еңселі ғимараттар бой көтерді. 9 ғасырдан бастап крест күмбезді ғибадатханалар пайда болды. Бейнелеу өнері бояуларының ғажайып әсерлілігімен, бейненің әрі дәл, әрі мәнділігімен ерекшеленді. Сонымен бірге икона салу өнері (иконопись) және кітап көркемдеу ісі де өркендеді. Мүсін өнері, тас, піл сүйектерін әрлеу де кең қанат жайды. Ақсүйектер арасында орган музыкасын тыңдау дәстүрге айналды. Кейіннен Византия мәдениетінің кейбір элементтері христиан дінімен бірге

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

Шығыс Еуропа елдеріне ауысты. арабтардың жорығынан кейін қол астында тек Грекия жерлері мен Анадолы түбегі қалды.

5-ші дәріс.

Арабтар мәдениеті

Араб өркениеті— ислам дінін ұстанып, араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырған халықтар өркениеті болып саналады. Ғылымда «араб мәдениеті» деген атпен белгілі. Орта ғасырларда Таяу және Орта Шығыста, Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Еуропада өркен жайған. Ғылымды дамытуға және оны басқа елдерге таратуға тікелей әсер еткен араб өркениеті Батыс, Оңтүстік және Солтүстік Арабияда туып, қалыптасты.

Бұрын сабей тілінде сөйлейтін Оңтүстік Арабия халқының көне мәдениеті, өзіндік жазуы болған. Сирия, Ливан, Палестина, Ирак елдеріндегі арамей халықтарының мәдениеті сияқты сабей мәдениеті де араб өркениетінің дамуына негіз болды. 4 ғасыр шамасында пайда болған араб жазуы, арамей жазуының дамытылған түрі еді. Шапқыншылық соғыстар нәтижесінде ұлан байтақ империяға – халифатқа айналған Арабиядағы қатынас құралы осы жаңа жазуы бар араб тілі болды. Исламды енгізген Мұхаммед пайғамбардың уағызы бойынша барша қауым осы жаңа дінді мойындай отырып ілгері дамуға, жаңа аймақтарға осы бағыттың артықшылығын түсіндіруге, уағыздауға тиіс болды. Халифат құрамына Шығыс, Солтүстік Африка, Ирак, Ауғанстан, Пиреней түбегінің басым бөлігі, Кавказдың оңтүстігі мен Солтүстік-Батыс Үндістан кірді. Осы жерлердегі халықтардың мәдениетімен қоса көне грек, эллин, рим, үнді мәдениетінің жетістіктерін бойына сіңірген, анағұрлым озық мәдениет жасалды. Оған парсылар, сириялықтар, Орта Азия мен Кавказ халықтарызор үлес қосты. Осылайша қалыптасқан араб мәдениеті Батыс Еуропа халықтарына және дүниежүзілік мәдениетіне игі әсер етіп, оған орасан зор үлес қосты.

Арабтардың астрономия саласындағы еңбектері Еуропа астрономиясының негізін қалады. Осы күнге дейін көптеген жұлдыздардың аттары, ғылыми, мәдени терминдер араб тіліндегі атауын сақтап қалған. Араб өркениетінің негізі де, қайнар бастауы да араб философиясы болды. 827 ж. араб ғалымдары меридиан шеңберін өлшеп, жердің көлемін анықтады. Негізін үндіден алып, санаудың ондық жүйесін, оның сәйкесті цифрлары мен нөлді пайдаланудың жолын тапты. Тригонометриялық функцияны (әл-Баттани, 858 – 929) енгізді. 1- және 2-дәрежелі алгебралық теңдеуді шығарудың бірнеше жолын тауып, бүкіл математиканың дамуына жол ашты. Медицина ғылымына, оның ішінде офтальмология саласына айрықша үлес қосты. Соның нәтижесінде геометриялық оптика үлкен жетістіктерге жетті. Медицинаның, онымен тікелей байланысты фармакологияға қажетті химияның дамуына жағдай жасады. Алхимия кең тарады. Қатты денені буға, буды қатты денеге айналдыру, кристалдандыру, сүзу тәсілдері де арабтардан бастау алады. Шығыста пайда болған компас, қағаз, оқ-дәрі, т.б. арабтар арқылы Еуропаға тарады. Осы сан салалы ғылым Орта Азияның ұлы ғалымдары Әбу Әли ибн Сина мен Әбу Райхан Бирунидің араб тіліндегі еңбектерінде одан әрі дамытылды және басқа елдерге танылды. Араб өркениетінің дәуірлеген шағы 8 – 11 ғасырлар болды. Оның көрнекті үлгілері сәулет және бейнелеу өнерінде көрінді. Мешіт, медресе, тұрғын үйлердің жаңа үлгілері жобалық шешімімен, айшықты өрнектерімен, эстетикалық әсемдігімен ерекшеленді. Ислам діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыйым салды. Меккедегі Қағба ғибадатханасы, Иерусалимдегі 692 ж. салынған әл-Акса мешіті (1969 ж. Израиль фанатиктері өртеп жіберген), Дамаскідегі Бани-Омейя мешіті (8 ғасыр), тұрмыс-салт тақырыбында әшекейленген Кусейр-Әмре қамалы мен Әмре мешіті (641 ж.). Араб өркениетінің сәулет өнеріндегі озық үлгілеріне жатады. Батыста (Алжир, Испания, Марокко, Тунис) Мавритания өнері аталған сәулет өнерінде тамаша үлгілер туғызды. Оның осы кезге дейін сақталған озық туындысы Гранададағы Альгамбра қамалы. Азиядан тыс жерде араб өркениеті Египет пен Сирияда

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

өте жоғары дамыды. Әсіресе, Египетте күні бүгінге дейін сақталған ибн Тулун (876 – 879 ж.), әл-Әзхар (970 – 972), әл-Хаким (990 – 1013 ж.) мешіттерінің жобалық үлгісі, әшекей-нақышы, құрылыс бөлшектерін өрнек түрінде пайдалану тапқырлығы қазірге дейін таңқалдырады. Каир қаласындағы осы үш мешітке жұма намазға жиналған бүкіл қала халқы сыйған. Ал 15 ғасырда әл-Әзхар мешітінде ашылған кітапханада араб Шығысының мәдениеті мен тарихына байланысты 60 мыңнан астам кітап пен 15 мыңдай қолжазба сақталған. Бұл кезеңде мешіттермен қатар керуен-сарайлар, моншалар мен тұрғын үйлер салынған. Орта ғасырдағы араб музыкасы Испанияның, Португалияның музыка өнеріне, кейбір Еуропа елдерінің музыка аспаптарының қалыптасуына әсер етті. Бұл кезде арабтардың музыка ғылымы да жақсы дамыды. 11 ғасырдың ақырына таман халифаттың ыдырауы, салжұқтардың жаугершілігі мен крест жорықтарына қарсы күрес, 13 ғасырдағы моңғол шапқыншылығы, 16 ғасырдың басындағы түрік жаугершілігі, 19 – 20 ғасырдағы Еуропа отаршылдығы араб өркениетінің дамуын күрт бөгеді. Бірақ кезінде қатты дамып, жан-жақты қалыптасқан араб өркениетінің Батыс пен Шығысқа еткен әсері өзіндік өшпес ізін қалдырды.

6-III ДӘРІС. Қайта өрлеу дәуірінің өнері

Қайта өрлеу дәуірі өнеріндегі гуманизм. Қайта өрлеу дәуірі өнеріндегі антикалық және библиялық бейнелер мен сюжеттербі баяндау ерекшеліктері.

Суретші тұлғасы – «жан-жақты дамыған адам» идеалы ретінде: шығармашы, ғалым, инженер. Ұлы суретшілер шығармашылығы. Қондырғылы кескіндеме картинасында әлем көрінісінің аяқталған түрі. Табиғат көрінісі, портрет және тұрмыстық картиналар – солтүстік Ренессанс кескіндемесінің ерекшелігі. Италияндық Қайта өрлеудегі қондырғылы және монументалды мүсін өнері. Театр өнеріндегі дамушы гуманистикалық мазмұны. XV ғасырдағы Флоренция ірі өнеркәсіп, мәдениет орталығы еді. Онда неше алуан цехтар жұмыс істейтін. Және олардың әрқайсысының дербес туы, гербі, қамқор әулиесі болды. Сондай қолөнер цехтарының бірі қару-жарақ шығаратын-ды. Оған Георгий әулие қамқорлық етті. Міне, осының барлығы сол кездегі өнердің басты тақырыбына айналды. Бұған дейін де, бұдан кейін де творчествоға өзек болды. Мәселен, суретшілер, мүсіншілер Георгийді алуан қырынан алып бейнелеген еді. Көбіне ақбоз ат мінгізіп сері ретінде көрсететін. Ұзын сапты өткір найзамен алпауыт айдаһарды өлтірген батырдың тұлғасын тек бір қырынан беруге бейім еді. Мысалы, мүсіншілер ауыздығымен алысқан атты, сосын азу тісті алты қарыс айдаһарды мүсіндеумен шектелді. Ал, басты кейіпкер – Георгий ішкі дүниесін тереңірек ашып, кесек тұлғасын жасауға онша мән бермейтін.

Осылай ғасырлар бойы қалыптасқан трафареттен бас тартқан Донателло әулие Георгий образын бүтіндей басқаша бейнеледі. Ол батыр образын мейлінше шынайы етіп көрсетуге тырысты. Георгий мүсінші кескіндеуінде сұңғақ бойлы, талдырмаш жас жігіт. Ол сауыт-сайман асынбай, жеңіл киінген. Жүзінде сабырлылық пен өжеттілік бар. Болат қалқанға сәл ғана сүйеніп, әлденеге ойланған қалыпта. Жанары өткір. Тұлабойын бұла күш кернеген жас батыр қандай да болсын сыннан сүрінбей өтетініне кәміл сеніммен қарайды. «Флоренция республикасына төнген қауіпті жеңу үшін дәл осындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жауынгер, ел қамқоршысы болар азаматтар керек» деген ой туғызады. Донателло бұл туындысы арқылы ердің Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін, қаһармандық бейнесін көрсетпек болды. Мүсінші еңбегінің осы қырын кезіндегі Флоренция әкімі Козимо Медичи және өнер сыншылары жоғары бағалаған еді. 1431 жылы Донателло Римге саяхат жасады. «Мәңгі қаладағы» көптеген антикалық ескерткіштерді түгелдей көріп, оларды зерттеді. Тіпті соған орай арнайы альбом жасап, оны суретке толтырды. Олардың көбі мүсінші қиялының қағазға түскен алғашқы бедерлері еді. Кейін қолға алмақ шығармаларының сұлбасы еді. Ол әулие Георгийден кейін өз творчествосының

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

бағыт-бағдарын біржола анықтап алады. Артынан өшпейтіндей із қалдырған ерлердің ерлігі, адамзат баласы асқан ұстар адамгершілік қасиеттері оның өзекті де өміршен тақырыбана айналды. Соны ең басты мақсат етіп қойды. Соның бір айғағы, талай ұйқысыз түндерден кейін туған қоладан жасалған Давид мүсіні. Бұл тақырып ежелгі еврейлердің қасиетті кітабы – библиядан алынған. Иуда патшалығы мен филистимлян әскерін көзсіз батыр адам басқарады. Ол – екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғалы, айбынынан арыстан именгендей аса сұсты Голиаф еді. Оның аты аталған кезде сен тұр мен атайын дейтін дұшпанның тізесі қалтырап, төбе шашы тік тұратын болған. Еңіреп отырған бала жылауын қояды екен. Сондай айдарынан жел ескен қаскөй батырға қарсы келетін ел ішінен еркек кіндікті бір адам табылмай қояды. Қырық күн бойы қырғын салған ол халықты қанға бөктіреді. Ел басына нәубет төніп тұрған осындай қиын-қыстауда Саул патшаның шатырына бақташы бала Давид кіреді. Иіліп сәлем беріп болған соң: «Қатерлі жауға мен шабамын!» - деп Давид өз тілегін білдіреді. Баланың батылдығына таңқалса да бақай есептілер басындырғысы келмейді. Өзеуреп отырған жұрт оның бұл тілегіне ду күліп, мысқыл сөзбен шығарып салады.

7-ШІ ДӘРІС. Ежелгі Орыс мәдениеті

Ежелгі Русь мәдениеті — шекарасы Тамань түбегіне, сондай-ақ Солтүстік Двинаның жоғарғы аңғарына дейін, ал батысында Висланның жоғарғы арнасына дейін созылған [Киев](#) державасының мәдениеті ғана емес, сонымен қатар қуатты [Владимир Суздаль](#) княздігінің, [Новгород](#) боярлар республикасының, одан қалды сындарлы кезеңнің қатал сынағынан мүдірмей өтіп, елді біріктіру күресіне басшылық жасап, сол күрестің бел ортасында болған Мәскеу князьдігінің өнері. XIII—XIV ғасырларда орыс мәдениетінің орталығы Новгород қаласы болды. Кескіндемелік және сәулетшілік ескерткіштерімен өзін «Ұлы мәртебелі Новгород» деп атаған бұл тарихи қаланы шетелдік бір автор «байлығы жағынан тек Риммен ғана теңесе алады» деп бағалауы тегіннен-тегін емес сияқты. Мұндағы орыс халқының рухы сіңген өнер дүниелерінің бірі Новгород Кремліндегі қасиетті София соборы, Юрий монастырының Георгиев соборы және т.б. Дүниені табындырған әсемдіктің ұлы ескерткіштерінің қатарына жататын Киев соборының тікелей ықпалымен салынған Новгород Софиясы өзіне ғана тән ерекшеліктері бар құдіретті де, сымбатты ғимарат. Новгородтың князьдік ғибадатханаларының ішіндегі ең мәртебелісі Юрий монастырын орта ғасыр дәуірінің даңқты ғимараттарының қатарына әбден жатқызуға болады. Христиан мәдениетінің ажырамас бөлігі икона («бейне» деген мағынаны білдіретін грек сөзінен шыққан) жасау ісінде дәл Ресейдегідей соншалықты ғажайып туындылар жасалып, ғасырлар бойы бүкіл бір халықтың бейнелеу өнерінің сүйікті түрі болған жоқ. [Икона](#) сюжеттері діни христиандық негізге құрылды. Ал сол Новгородтық иконалардың бүгінге дейін сақталғандардың ішінде әлемдік маңызы ғажайып дүниелер бар. Солардың бірі шамамен XII ғасырдың соңында жасалған «Алтын шашты періште». Осы бір таңғажайып естен кетпес бейнеде қаншалық биік, таза сұлулық бар десеңізші.

Мәскеулік кезең мәдениеті

XV ғасырда Новгородтық өнердің тарихы аяқталды деуге болады, өйткені бұл құбылыс өнердің үздік табыстарының тоқырауынан байқала бастады. Киев Русінің құлдырауынан кейінгі орыс мәдениетінің дамуындағы жарқын беттердің бірі — орыс мәдениетінің гүлденген дәуірі XVI—XVII ғасырлар, яғни мәскеулік кезең мәдениеті болып саналады. XV ғ. аяғына қарай Мәскеу шығыс Еуропада саяси жағынан да, сондай-ақ мәдени жағынан да беделге ие болды. Дүниені дүр сілкіндірген құдіретті Византия мемлекеті құрып бара

жатты, оңтүстік славяндардың мәдениеті ыдырай бастады, монгол- татар езгісі әлі де жойыла қоймады, [Дмитрий Донскойдың](#) тарихи жеңісі [Мәскеу](#) державасының мерейін көтере түсті. Ендігі жерде тек Русьтен ғана емес, әр елдерден Мәскеу ұлы княздігіне өнер адамдары ағылып келе бастады, сөйтіп Мәскеу қаласы ең ірі мәдени орталықтардың біріне айнала бастады. [1454](#) ж. Константинопольдың құлдырауына байланысты орыстың православиелік шіркеуі біртіндеп тәуелсіздік алды және батыстық христиандық дүниеден бөліне бастады. Ендігі жерде христиан дінінің басты қамқоршысына айналған Русь православиемен жандандыру және дүние жүзіне тарату міндетін өз қолына алды, сөйтіп мәскеулік Русь өзін «Қасиетті Русь» деп танып, ал Мәскеу — «Үшінші Римге» айналады. [1547](#) жылдан, яғни IV Иван патшалық таққа отырған кезден бастап, Русь Ресей — деп, ал орыс елі — Ресей мемлекеті деп ресми түрде атала бастады. [1480](#) жылы Мәскеудің алтын Ордаға тәуелділігі жойылды, бірақ орыс еліне шығыс мәдениетінің әсері толастай қойған жоқ. XIV—XV ғасырларда кескіндеме ісінде Мәскеу мектебінің шоқтығы биік болды. [1390](#) ж. шамасында Мәскеуге Новгородта асқан өнерімен даңққа бөленген [Феофан Гректің](#) шақырылуы қаланың көркін одан әрі түрлендіре түсті. Ол XIV—XV ғасырларда Мәскеудің көркемдік өмірінің басты тұлғасына айналды. Феофанның Мәскеуде жасаған туындыларынан салтанаттылықты, өмірге деген құштарлықты айқын аңғаруға болады. Орыс өнерінің ұлы шығармасы деп танылған — Мәскеу Кремліндегі Благовещенск соборының икона тасын ([1405](#) ж.) жасау Феофан Гректің басшылығымен және кейіннен өнер дүниесінде аты аңызға айналған [Андрей Рублевтің](#) ([1360—1430](#) ж. шамасы) қатысуымен жүзеге асырылды. Андрей Рублев көзінің тірісінде аса көрнекті шебер болып саналғанымен, шынайы даңққа өлгеннен кейін көп жылдар өткен соң ғана бөленді. Оның есесіне бұл талас тудырмайтын дүниежүзілік даңқ болатын. Рублевтің ең таңдаулы шегіне жете айқындалған шығармасы — қасиетті «Үштік». Суретші византиялық композицияларды ой елегінен өткізе отырып, басты назарды үш періштенің бейнесіне аударған. Сезімдері бірдей, ойлары ортақ үш періште бейнелері өздерінің әсерлі көріністерімен, қасиетті пейілдерімен, жан жүректі жарып шыққан мейірімділіктерімен, пәк сезімдерімен тартымды. Иә, бұл мәңгілік ажырамас тұңғыық бірлік дүниесі, сондықтан да біз бұл үш шығарманың сюжетін адамға тән бүкіл талпыныстардың тиянақ табуы деп қабылдаймыз. Ұлы шебердің осы бір ғажайып туындысының алдында тұрғанда [Леонардо да Винчидің](#) «Кескіндеме — өнер падишасы» деген даналық пікірін еріксіз еске аласыз. Қорыта келгенде айтарымыз, XIV—XVI ғасырларда ұлы орыс халқының мәдениеті қалыптасу дәуірін бастан кешірді. Шындығында да, дәл XVI ғасырдан бастап орыс халқы мәдениетінің нағыз тарихы басталады. Ресейдің XVII ғасыр мәдениеті сол кезеңдегі буырқанған саяси жағдайларға (шетел интервенциясы мен шаруалар соғысы) байланысты қарама-қайшы талпыныстар мен арман-мақсаттарға толы болды. Орта ғасырлық дүние таным түбегейлі өзгерістерге ұшырап дүниенің бет-бейнесі өзгерді. XVII ғасырдың адамдары өткен мәдениеттің құлдырауын өздерінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттық трагедиясы деп қабылдады. Бұл кезең екі мәдениеттің — [барокко](#) мен «мұжықтық» мәдениеттің бақталастық кезеңі болды. Орыс мәдениетінде идея бірлігі, тарихтың шексіздігі, болашаққа бағдар алу сияқты жаңа өмірдің нышандары байқала бастады. XVII ғасыр басында [Борис Годунов](#) мәдениетке, ағартушылыққа, Батыс өркениетіне ерекше мән бере бастады. Соның нәтижесінде Батыс елдерімен сауда қарым-қатынастары кеңейіп, қалалар гүлденіп, ірі мәдени орталықтарға айналды, Мәскеудегі Кремльді жаңғырту ісі қайтадан қолға алынды. Бірақ қалаларда Ресей халқының 2%-і ғана тұрды, демек халықтың басым көпшілігі шаруалар болды. Қалай болғанда да, XVII ғасырда орыс мәдениетінің орта ғасырлық дәуірі аяқталды, сөйтіп жаңа заман мәдениетінің элементтері туындап келе жатты. Мұндай мәнді өзгерістер орыс мәдениетінің барлық салаларында да байқалады. Мысалы, әдебиет саласында: ақсүйектік бағыт қалыптасып, демократиялық сарын орын алса, ал ғылым саласында нақты тәжірибеге жүгінушілік,

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

кескіндеме өнерінде реалистік тенденциялар орын ала бастады.

Халықаралық қарым-қатынастардың кеңеюіне, мемлекеттік аппараттың өсуіне және қалалық өмірдің жандануына байланысты ағартушылық ісі жолға қойылды. Соның нәтижесінде XVII ғасырда халықтың сауаттылығы біршама өсті. Сол кездегі мәліметтер бойынша сауаттылық помещиктер арасында 65%, көпестерде — 96%, ал шаруалар арасында небәрі 15% болған (Добрынин В.И. ^[1]. — М., 1993. — С. 87). XVII ғасыр ортасына қарай мемлекеттік және жеке мектептер ашылып, онда түрлі пәндермен қатар шет тілдері де оқытыла бастады. 1637 ж. Мәскеуде Ресейдің тұңғыш жоғары оқу орны Славян-грек-латын Академиясы ашылды. Оған Италияның Падуан университетін бітірген ағайынды Лихудалар басшылық жасады. Батыстық ықпалмен алғашқы театр қойылымдары қойыла бастады. 1675 ж. орыс театрының сахнасында алғаш рет балет қойылды. Ресейдің XVII ғасырдағы мәдени өмірінің басты ерекше-ліктерінің бірі өнер адамдарының Мәскеуге шоғырлануы болды. Сондықтан да болар, елдің әр түкпірінен келген сәулетшілер, зергерлер, суретшілер және т.б. орыс халқының даңқты мәдениет мұраларының бірі Кремльдегі «Қару-жарақ палатасының» жұмыстарына белсене араласқан. Осы орайда реалистік өнердің қалыптасуына айрықша үлес қосқан, өнер теоретигі, XVII ғасырдың аса ірі суретшісі С.Ф. Ушаковтың (1626—1686 ж.) мерейі үстем болды. Отыз жылдан астам уақыт орыс мемлекетінің барлық көркем творчествосын басқарған, өнер саласындағы қажымас қайраткер, әрі тамаша педагог Ушаковтың аса көрнекті адам болғаны даусыз. Ол сонымен қатар келесі ғасырда тамаша өркендеген орыстың портреттік кескіндемесінің негізін қалаушылардың бірі болды. XVII ғасырдың бірінші жартысында шеберлер А. Константинов» Б. Огурцов және т.б. салған Мәскеу Кремліндегі атақты Терем сарайы (1635—1636 ж.) сол кездегі азаматтық құрылыстың ішіндегі ең ірісі болса, ал Никитинкадағы Троица шіркеуі (1635—1653 ж.) XVII ғасырдан сәулетшілік және кескіндемелік ізденістен туған сүйкімді эшекейліктің сөлі болып саналады. XVII ғасырда миниятюра да, графика да гүлдеді, бірақ солардың ішінде орыстың зергерлік және қолданбалы өнерінің шоқтығы биік болды. XVII ғасырдың басындағы Ресей топырағындағы мәдени өзгерістер Ұлы Петрдің реформаларымен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңде, халық тарихының жаңа дәуірі басталды. Ресейдің жаңа заман мәдениетінің басты сипаты — оның басқа халықтар мәдениеттерімен тығыз байланыста дамуы болды. Ұлттық тұйықтықты бұзу мақсатында жүргізілген көрегендік мемлекеттік саясаттың нәтижесінде Батыс елдермен қарым-қатынастар арнасы кеңейіп, Ресейге гуманистік және рационалистік ілімдер біртіндеп ене бастады. Абсолютизм идеологиясы Еуропалық ағартушылық, рационализм идеяларымен толықтырылды. Бұл өзгерістер мәдениет саласына да өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Дифференциация процесі басталып, мәдениеттің жаңа салалары қалыптаса бастады. Ең бастысы, жаңа мәдениетте демократияға талпынушылық тенденциялары байқалды. Петрдің реформалары қоғамдық өмірдің барлық салаларымен қатар мәдени өмірді де қамтыды. Соның нәтижесінде бұдан кейінгі кезеңдермен салыстырғанда мәдени дамудың қарқыны күшейіп, өнер саласында жаңа стильдер (борокко, рококо, классицизм) қалыптасты. Бұл Ресейлік жаңа заман мәдениетінің басты ерекшелігі болды. Ерекше атап өтетін бір жайт, тек қана Петрдің кезінде ғана мектеп, жастарға білім беру мәселесі — мемлекеттік мәселеге айналды. Мамандар тапшылығына байланысты отандық ақсүйектік мектептер жүйесімен қатар, XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап жастарды шетелдерде оқыту ісі қолға алына бастады. Халықтық ағарту ісінің жолға қойылуы, түрлі мектептердің ашылуы — оқулықтар санын көбейтуді қажет етті. Сөйтіп XVIII ғасыр басынан бастап кітап басып шығару ісі жолға қойылды. Жаңа жағдайда ескі оқулықтардың орнына «Әліппе», «Славян грамматикасы», «Арифметика» сияқты мүлде жаңа заман талабына сай оқулықтар шығарыла бастады. Ұлы Петрдің Ресейде мерзімдік басылымдарды жолға қоюы — халықты ағартудағы басты қадамдардың бірі болды. Халық ара-сына кеңінен тарай

бастаған «Ведомости» газеті — Ресейдің ең бірінші ресми газеті болды. Кітап басып шығару ісінің қолға алынуына байланысты кітап саудасы да жолға қойылды. 1714 жылы кейіннен Ғылым Академиясының кітапханасының қорына негіз болған, тұңғыш мемлекеттік Кітапхана ашылды. Ал 1719 жылы орыстың бірінші музейі өз жұмысын бастады, кейіннен бұл музей, І Петрдің кезінде-ақ Ресей империясының тарихын жазуға алғашқы талпыныстар жасалды. Ұлы Петрдің ғылым және ағартушылық саласындағы жемісті еңбегінің заңды қорытындысы Петербургте Ғылым Академиясының ашылуы болды. Бірақ, өкінішке орай, Академия ресми түрде [1725](#) ж., яғни Петр қайтыс болғаннан кейін ғана ашылды. Ұлы Петр жүргізген реформалар Ресейдің қоғамдық саяси, мәдени өнерінің сан-саласын қамтыды, бұл шаралар Ресейдің мәдени даму қарқынын тездетіп, мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасады. Киев Русінен бастап императорлық Ресейге дейінгі орыс мәдениетінің тарихында XIX ғасырдың алатын орны ерекше. Біріншіден, бұл кезең мәдени өрлеу кезеңі болғандықтан рухани биіктіктен көрінген бұл дәуірді ұлы орыс Ренессансы деп атауға толық хақымыз бар. Басқаны былай қойғанда, орыстың қырық жазушысы адамзаттың екі бірдей ғасырына рухани азық берді. XIX ғасыр адамзат баласының ынтымақтастығы мен тендігі, бақыты мен еркіндігіне байланысты философиялық — адамгершілік ізденістерге толы болды. XIX ғасыр — XX ғасыр табалдырығында туындап келе жатқан жаңашылдық пен мәдени өзгерістердің дамуындағы шешуші кезең, орыс мәдениетінің «алтын ғасыры». «Алтын ғасыр» ұлы орыс ақыны [Пушкиннің](#) өмірге келуінен басталып, ақылдылығы, ғұламалығы жөнінен ешкімнен де кем түспейтін метафизик-философ В. Соловьевтің өлімімен аяқталды. Ресей тарихындағы бірде-бір ғасыр дәл «Алтын ғасырдай» Ресейді «құтқаруға», жаңғыртуға бағытталған теориялар мен ілімдерді өмірге келтірген жоқ. Дәл XIX ғасырдағыдай еш уақытта да сансыз қоғамдық қозғалыстар (анархистер, атеистер, халықшылдар, марксистер, нигилистер және т.б.) белең алған емес. XIX ғасыр — Ұлылар ғасыры болды. Олар: Пушкин мен [Чаадаев](#), [Гоголь](#) мен [Герцен](#), Хомяков пен Аксаков, Сперанский мен Уваров, Ушинский мен Михайловский, Чернышевский мен Лавров, [Достоевский](#) мен [Толстой](#), Леонтьев пен Соловьев. Н. Бердяевтің пайымдауынша, «Ресей XIX ғасырда өзінің ерекше даму жолын ой елегінен өткізді», Батыс-Шығыс дилемасындағы өзінің тарихи рөлін анықтай білді. Олай болса, XIX ғасыр мәдениеті дүниежүзілік мәдениет тарихындағы асқарлы белестердің бірі болды, өйткені дәл осы бір тарихи кезеңде орыстың ұлттық мәдениетінің нақты қалыптасуы жүзеге асырылады.

8-ШІ ДӘРІС. ОРТА ҒАСЫР БАТЫС ЕУРОПА ӨНЕРІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА. РОМАНДЫҚ ӨНЕР

Орта ғасырлар — эллиндік-классикалық мәдениеттің құлдырау шегіне жетіп, ал одан кейін оның жаңа заманда қайта түлеу кезеңімен сәйкес келетін, ұзаққа созылған біртұтас мәдени дәуірді қамтиды. Орта ғасырлар мәдениетінің қайнар бұлағы — «романдық бастаудан» нәр алатын Батыс Рим империясының мәдени дәстүрлері болып саналады. Олар құқық, ғылым мен өнер, философия, жоғары құқықтық мәдениет, христиан діні және тағы да басқалары. Бұл мәдени дәстүрлер римдіктердің «варварлармен» күресі кезеңінде тереңдей түсіп, Батыс Еуропаның пұтқа табынушы көптеген тайпаларының мәдени өмірінде өз жалғасын тапты. Мұндай мәдени тоғысулар Батыс Еуропалық ортағасырлар мәдениетінің қалыптасып одан әрі дамуына даңғыл жол ашып берді. Мәдениеттанушы ғалымдар көне заманнан бастап жаңа заманға дейін созылатын уақыт шеңберін ортағасырлар деп атайды. Бұл тарихи кезең бір мың жылдан астам уақытты қамтиды, яғни V ғасырдан бастап XV ғасырға дейін созылады. «Орта ғасырлар» деген термин алғаш рет Италияда Қайта өрлеу дәуірінде пайда болған. Италиян гуманистері бұл терминді бір жағынан «ежелгі дүние» мен «жаңа заманның» ара жігін анықтау үшін де қолданған. «Орта ғасырлар» терминінің сол бір тарихи кезеңде қалыптасқан мағынасы біздің заманымызда да өз мәнін

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

жойған жоқ. Мыңжылдық «Орта ғасырлар» дәуірі негізінен үш кезеңнен тұрады. Бірінші, «Бастапқы Орта ғасырлар кезеңі» — дәуір бастауынан басталып — X—XI ғасырға дейін созылады; екінші, Жоғарғы (классикалық) кезең — XI ғасыр мен XIV ғасыр; ал үшінші, «Кейінгі орта ғасырлар кезеңі» — XIV ғасыр және XV ғасыр аралықтарын қамтиды. Бастапқы орта ғасырлар кезеңі — Еуропада буырқанған, әрі мәнді процестерге толы сындарлы кезең болды. Бұл тарихи өзгерістер, ең бірінші кезекте біздің заманымыздың екінші ғасырынан бастап-ақ Рим империясын шапқыншылық әрекеттерімен мазалай бастаған варварлардың («варда» — сақал деген сөзінен шыққан) жойқын шапқыншылықтарымен тығыз байланысты болды. Бұл қақтығыстар Рим империясының 476 жылы құлауымен аяқталды. Варварлардың жеңісі римдік региондарды жай ғана жеңу емес еді. Ендігі жерде тарихтың жаңа беті басталып, көне қоғамдағы абыржушылық пен бей-берекетсіздік одан әрі күшейе түсті. Жаңа батыс еуропалықтар Рим империясының мемлекеттік дініне айналған христиан дінін қабылдады. Сөйтіп, Рим империясының барлық жерінде қалыптасқан пұтқа табынушылықты жаңа дін біртіндеп ығыстыра бастады және бұл процесс Рим империясы құлағаннан кейін де толастамады. Бұл жағдай — Батыс Еуропадағы Бастапқы орта ғасырлар кезеңінің бетбейнесін айқындаған маңызды тарихи процесс болды. Осы бір тарихи кезеңдегі ерекше жағдай — бұрынғы Рим империясының территориясында «варварлардың» жаңа мемлекеттік құрылымдарының қалыптасуы болып табылады. Шындығына келетін болсақ, сансыз гот, франк және тағы да басқа тайпаларды «тағылар» деп айтуға да болмайтын сияқты, өйткені дәл осы кезеңде олардың көпшілігінде мемлекеттік құрылыс белгілері айқындалған болатын. Олар сонымен қатар әскери демократия принциптерін жетік меңгерді, егіншілікпен, қол өнермен, металлургиямен шұғылданды. Тайпа көсемдері өздерін корольдер, герцогтер және тағы да басқалары деп жариялады. Мысалы, франктердің королі Ұлы Карл 800 жылы бүкіл батыс еуропалық елдердің императоры деп жарияланды. Қазіргі Францияны, Германияны, Бельгияны, Голландияны, Солтүстік Италияны, Солтүстік Испанияны өзіне қосып орта ғасырлық бірінші зор империя құрған Ұлы Карлдың тарихи күресінде адам қаны көп төгілді. Ұлы Карл билік құрған кезенді кейде «королингтік қайта дәуірлеу кезеңі» деп те атайды. Мұндай атақтың берілуінің себебі, Карл империясының ежелгі Рим мәдениетін жандандыруға бағытталған шараларынан болса керек. Ерекше атап өтетін бір жәйт, Ұлы Карл ағарту ісінің қажеттілігін түсінген және оны дұрыс жолға қоюға тырысқан көрнекті тұлға болған. Ол өзі бас болып негізін қалаған мектепте оның ұлдарымен бірге ақсүйек балалары түрлі ғылым салаларын, оның ішінде риториканы, поэзияны, диалектиканы, астрономияны және тағы да басқаларын оқып үйренді. Кейіннен, яғни 900 жылы қасиетті Рим империясының сансыз графтықтарға, герцогтықтарға, епископтықтарға, аббатықтарға бөлініп кетті де, қоғамда бей-берекетсіздік туды. Олардың билеушілері өздерін тәуелсіз қожайындар санап, императорларға да, корольдерге де бағынуды қажет деп санамады. Бірақ, елдің бірлігіненұқсан келтіретін мұндай келеңсіз көріністерге қарамастан, мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу процестері одан кейінгі кезеңдерде де тоқтамады. Әрине, ғасырлар бойы талай аласапыранды басышан кешірген, тонаушылық пен басқыншылық орын алған мұндай мемлекетте экономикалық және мәдени дамуға нұқсан келетінін ешкім де жоққа шығара алмас. Ал бұл жағдайлар, өкінішке орай, Бастапқы Орта ғасырлар кезеңінің өзіне тән ерекшелігі болды. Бірақ, классикалық дәуірде орта ғасырлық Еуропа бұл қиындықтарды жеңе отырып, қайтадан жаңғыра бастады. X ғасырдан бастап феодализм заңдары бойынша жүзеге асырылған ынтымақтастықтың нәтижесінде ірі мемлекеттік құрылымдар құрылды және қуатты армияларды жинақтауға мүмкіндік туды. Осы сияқты қоғамдық өмірде жүзеге асырылған шаралар, мәдениеттің алға басуына қолайлы жағдайлар туғызды. Қалыптасқан біршама тұрақтылық қалалардың көркейіп, жалпы еуропалық экономиканың дамуына қолайлы жағдайлар жасады.

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

9-ШЫ ДӘРІС.

17 ғасырдағы Батыс Еуропа өнері. Италияда барокконың қалыптасуы.

Рококо стилі **Рококо** ([фр. rococo](#)), рокайль - 18 ғасырдың 1-жартысы мен орта кезіндегі Еуропа өнерінде сарай зиялылары мен мәдениетімен байланысты туған [стиль](#). Ұлу қабыршағының түріне ұқсас рокайль өрнегінің атына байланысты аталған. Францияда абсолютизм тоқырауға ұшыраған кезеңде пайда болған. [Сәулет](#) өнерінде Рококо, негізінен, [ғимарат интерьерін](#) нақыштау ісінде кең қолданылды. Алуан айшықты өрнек салу, айна, панно - Рококоға тән белгілер. Бұл салада белгілі болған архитекторлар: Францияда Ж.М. Онпенор, Ж.О. Мейсонье, Ж.Бюфран; Германияда И.Б. Нейман, М.Д. Пзенпельман, Г.В. Кнобельсдорф. Ықшамдылық, нақыштау ісіндегі нәзіктік пен образды тым сұлуландыру барысындағы [үстірттік](#), [мифологиялық](#), [пасторальдік](#), көбіне жеңіл эротикалық сюжетке бой ұру - бейнелеу өнеріндегі Рококо стиліне тән қасиеттер. Әсем әрі жеңіл пошым мен ашық та ұнамды бояу үндестігі, экзотикалық мотивтер Рококо декорация өнерінің негізгі ерекшелігі болып табылады. 18 ғасырдың орта кезіндегі орыс декорация өнерінде В.В. Растрелли мен С.И. Чевакинский шығармасынан Рококо белгілері байқалды. Батыс Еуропаның саяси-мәдени өмірі түбегейлі өзгерістерге ұшырады, қоғам варварлық сипатынан айырылып, қалаларда рухани өмір гүлдене бастады. Рим империясына қарағанда еуропалық бірлестік тұтастай алғанда әлдеқайда бай, әрі өркениетті болып шықты. Мұндай мәдени алға басушылық христиан дінімен, христиан шіркеуімен тығыз байланысты болды, өйткені мемлекет дінге арқа сүйеді. Өз кезегінде христиан шіркеуі де өз ұйымдарын нығайтып, христиан дінін жан-жақты жетілдіре берді. Ежелгі Римнің және бұрынғы варварлық тайпалардың мәдениеткеремдік дәстүрлерін дамытып, жетілдірудің арқасында романдық және одан кейін жасампаз готикалық стильдер қалыптасты. Сөйтіп, өнердің театр, музыка, әдебиет, сәулет өнері, кескіндеме, мүсін өнері сияқты салалары жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болды. Дәл осы кезеңде француздардың алғашқы ұлы поэтикалық шығармасы — «Роланд туралы жыр (XII ғасыр)» шығарылды. Дүниежүзілік әдебиеттің асыл мұрасына айналған бұл тамаша туындыда рыцарлық ерліктер барынша мадақталып, монархқа вассалдық дәріптелді. Батыс еуропалық ғалымдардың ежелгі гректер мен эллиндік философтардың, әсіресе Аристотельдің ғылыми еңбектер мен танысуы — ғылым жолындағы табанды ізденістердің бастамасы болды. Соның нәтижесінде орта ғасырлық философиялық ұлы жүйе — схоластика пайда болды. Кейінгі орта ғасырлар дәуірінде классикалық кезеңнен басталған еуропалық мәдениеттің қалыптасу процесі одан әрі жалғасты, бірақ оның даму барысында толып жатқан қиындықтар мен кедергілер кездесіп отырды. Тек XIV—XV ғасырлардың аралығында ғана Батыс Еуропа бірнеше апатты аштық жылдарын бастан кешірді. Бубондық сүзек («Қара өлім») сияқты эпидемиялардың салдарынан халық жаппай қырғынға ұшырап отырды, ал мұндай қасіретті жағдайлар өз кезегінде мәдениеттің дамуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ұзаққа созылған жүз жылдықсоғыста халық әбден титықтап, мәдениеттің дамуы тежелді. Бірақ, дәл осындай сындарлы кезеңде де қалалар өркендеп, ауыл шаруашылығы мен сауда, қолөнер ұдайы даму үстінде болды. Рухани өмірдің жандануына, ғылымның, өнердің, философияның және тағы да басқа жаңа арнамен дамуына қолайлы жағдайлар туды. Мұндай алға басушылықтың көптеген көріністері, әсіресе Италияда байқалды. Сондықтан да болар, Италия ұлы мәдени төңкеріс — Ренессанс мәдениетінің орталығы болды. Бірақ осы жағдайға қарап XVIII ғасыр мәдениеті мен өнерінің өзіндік ерекшеліктері, дәлірек айтқанда өзіне ғана тән көркемдік стильдері мүлде болмаған екен деген ұғым туып қалмау керек. Өнер саласында біртектес стильдер (романдық және готикалық стильдер) қалыптасқан өткен тарихи кезеңдерге қарағанда бұл дәуір өнері өзіндік бет-бейнесімен,

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	---	--	-------------------------

өзіндік сипатымен ерекшеленді. Жаңа заман стильдері — заман талабынан туған мәдени қажеттілік болып саналады. Солардың бірі — мәдениет саласындағы ескі дәстүрлер (готика) мен демократиялық еркін ойлау идеяларын өзара ұштастыра білген өнердегі мүлде жаңа стиль — барокко бағыты болды. Барокко — астарлы, әдептен тыс деген мағына береді. Оның әлеуметтік негізі — абсолютизм дәуіріндегі дворяндық мәдениет. Барокко — халықаралық құбылыс, ол әсіресе Италияда, Испанияда, Францияда, Германияда кең қанат жайды. Осы дәуірдің күрделі қоғамдық шиеленістері барокко өнеріне өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Сондықтан да болар, аталған елдердегі қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайлар адамдардың сана-сезіміне ғана емес, сонымен бірге осы бір өнер саласының қалыптасып дамуына да ерекше ықпал етті. Барокко стилі әсіресе сәулет өнері саласында айқын көрінді, осы стильде зәулім сарайлар мен парк ансамбльдері салынды. Олар тарихи кезеңнің куәгері, еуропа мәдениетінің баға жетпес ескерткішіне айналды. Шындығында да, Ағартушылық дәуірінде парктер мен бақтар — философиялық әңгімелер мен ойтолғаныстарының негізгі орталықтары болды. Олар — табиғат пен адамның, тіпті адамдардың қарым-қатынастарының өзара үндестік табуына себепкер болатын қасиетті орынға айналды. Парктер мен бау-бақшалар композициясын музейлер мен театрлар, сурет галереялары мен кітапханалар, ғибадатханалар және т.б. мәдени ошақтар одан әрі түрлендіре түсті.

10-ШЫ ДӘРІС

Классицизм. Романтизм. Фовизм. Кубизм.

Классицизм, барокко, рококо, реализм. Опера мен симфонияның пайда болуы. Қайта өрлеу кезеңіндегі идеалдар және олардың әдебиет пен музыкада көрініс табуы.

XIX ғасырдағы өнердегі реализм мен романтизм. Өнердегі ұлттық мектептердің қалыптасуы. XIX ғасырдағы Ресейдегі өнердің өркендеуі және ұлттық ерекшеліктер. Орыс реализмінің әлемдік мән-мағынасы.

Стильдердің қырлары: повильон, колонада, жарты шеңберлік терезелер, балкон, сәулеттік өрнектер, плафон, гризайль, сәулеттегі айналар (Бернини шіркеуі колонадасы, Римдегі әулие Петр, Расстрелли. Петербордағы Қысқы сарай және Смольный шіркеуі).

Салтанат сарайлары сәулеттік форма ретінде – Барокко – Лувр, Кіші Трианон, Цвингер және Шенбрунн, Қытай. Жапония. Орыс бароккосы.

Петр бірінші және алғашқы Петербор. Жобалау әдісі – «сыртынан ішіне қарай». «Сәулеттік команда» – сәулет өнеріндегі қозғалысты бере білу. Сәулеттік формалардағы кескіндемелік және иллюзорлық көріністер (Д.Трезини, Петропавл қорғанысы, Б.Расстрелли «Қысқы сарай», «Смольный монастр шіркеуі», Д.Ухтомский «Қызыл қақпа» Мәскеу). Классицизм ХУІІ ғасырда Италия әдебиетінде туып, француз әдебиетінде кең қанат жайған ағым. Классицизм теориясының негізінде мәңгілік туралы ілім, әдемілік идеясының кемелдігі туралы түсінік жатыр. XIX ғасырда Стендаль «Расин және Шекспир» атты памфлетінде классицизмнің принциптерін терістей отырып, осы ілімді керіге шығарады. Ол әдемілік ұғымының қатыстылығын, өзгермелілігін, тарихилығын дәлелдейді. Әдеби жанрлардың да қатаң деңгейленуі (эпопея, трагедия, комедия және т.б.) осы ілімнен туындады. Әрбір жанрдың нақты шекаралары, оның ерекшеліктері көрсетіліп, әрбір жанрға тиесілі тілі мен кейіпкерлері бекітілді (трагедия үшін – биік патетикалық тіл, асқақ сезімдер, батыр тұлғалар; комедия үшін – төмендетілген тірліктегі персонаждар, ауызекі сөйлеу тілі т.б.), себебі классицистердің пікірінше, әрбір жанрдың үлгілі шығармалары әу-баста дүниеге келіп қойған, ал жаңа кезеңдердің еншісі тек (біржола) табылған кемел идеалдардың ізімен жүру. Классицистік әдебиеттегі көркем образдардың дерексіздігі де осыдан туындайды. Олар сананың қатаң есебінен туындап, онда жалпы, әмбебап, «мәңгілік» қасиеттер суреттелді.

(мизантроп, сараң т.б.). Классицистер өмір құбылыстарының өткінші, кездейсоқ, дара сипатына қарағанда «мәңгілік», әмбебап, абсолютті жақтарын сипаттауға ұмтылды. Классицистер көркем образ дерексіз схема түрінде емес, шынайы тірі жан ретінде көрінуі үшін даралық, кездейсоқтық сипат керек екенін түсіне бермеді.^[1] Сонымен классицизм теориясындағы мәнді бір элемент өнердің тәрбиелік мәні туралы ілім. Көркем шығарманы тудыру үстінде классицистер өздеріне қаншалықты дәрежеде жамандықты әшкереледік, жақсылықты қаншалықты паш еттік деп сұрақтар қойып отыратын. Классицизмнің ең мықты шеберлері өнердің үйретушілік, дидактикалық принципін жеткілікті көркем тактпен бере алды, ал дарыны аздаулары жалаң уағызға жүгініп, жауыздар мен батырлардың арасын қақ бөліп суреттеді. Орыс ғалымы Н.А.Жирмунская 1630-1650 жылдардың аралығын драмалық жанрларда классицизмнің принциптерінің әбден орныққан кезі деп көрсетеді.^[2] Классицизм теоретиктерінің ойынша сананың қарапайым талаптары сахнадағы оқиғаны жиырма төрт сағат бойына сыйдыруға (уақыт бірлігі), бір орында өтуіне драматургты міндеттейді (орын бірлігі), эстетикалық әсер заңдылықтары драматургтен сюжет сызығының бірлігін талап етеді дейді (әрекет бірлігі). Осыдан келіп орын, уақыт, әрекет – үш бірлік «ережесі» пайда болады. Француз классицистерінің теоретигі Н.Буало болды. Көпшілік оның алдында құрақ ұшып жүтіріп, оның кекесінді бағасынан, әділ сынынан қорқатын. Алайда сыншы шын дарындарды қадірлейтін. Оның өнер теоретигі ретіндегі зор беделі күллі Еуропада ХҮІІ ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталып романтизм дәуіріне дейін дүркіреп тұрды. Буало француз классицизмі қалыптасып, өз жемісін беріп жатқан уақытта әдеби сахнаға шықты. Ол негізінен ақындардың тәжірибелерін жалпылап, қорытындысын шығарып берді. Классицизм теориясы, оның жетістіктері мен кемшіліктері Буало атымен тығыз байланысты. Н.Буалоның классицизм теориясы жөнінде жазылған еңбегі «Поэтикалық өнер» деп аталды. Буало авторларға «дарын» дегеннің түсіндірмесінен бастайды да, тым алшаққа кетіп трагедияны «қайғыға толы жүздеген өліктермен» толтыра бермеуге, ештеңеге қажеті жоқ майда-шүйдені суреттей бермеуге, тым асқақтап аспанға көтеріліп кетпеуге, тым төмендеп, былғаныш лайсаңға түсіп кетпеуге кеңес береді.

11-ІІІ ДӘРІС

ХІХ ғ. Соңы мен ХХғ. Батыс Еуропа өнері Импрессионизм Экспрессионизм.

ХХ ғасырдағы өнердегі бағыттардың пайда болу көзі және ерекшеліктері: импрессионизм, постимпрессионизм, кубизм, экспрессионизм, абстракционизм, сюрреализм, конструктивизм және т.б. ХХ ғасырдағы өнердегі жаңа жанрлар: көркемдік фотография, кино, телевидение, видео, компьютерная графика, дизайн. Заманауи қоғам өміріндегі өнер түрлерінің көпшілік түрлері. Өнер және техногендік өркениет. ХХ ғасырдағы мәдениеттің құлдырауы және оларды жеңу жолдары. 17 – 18 ғ-ларда Еуропада К-нің дамуы одан әрі жалғасты. [Франция](#) (Н.Пуссен, А.Ватто, Ж.Б. Шарден, Ж.Л. Давид), [Италия](#) (М.Караваджо, Дж. Б.Тьеполло), [Испания](#)(Эль Греко, Д.Веласкес, Ф.Сурбаран, Ф.Гойя). [Фландрия](#) (П.П. Рубенс, Я.Йорданс, А. ван Дейк), [Голландия](#) (Рембрандт, Я.Вермер), [Англия](#) (Г.Гейнсборо, У.Хогорт) пен Ресейде (Ф.С. Рокотов, Д.Г. Левицкий, В.Л. Боровиковский) Кескіндеменің ұлттық мектептері пайда болды. Кескіндеме де жаңа идеялар көтерілді, нақтылы өмірді алуан түрлі қырымен, адамды қоршаған ортамен шынайы бейнелеу мақсаты көзделді.^[3] Яғни жазушыларды салмақтылыққа, ұстамдылыққа,

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
--	--	---	------------------

мазмұндылыққа, әр нәрсенің шегін, өлшемін сезіне алуға шақырады. «Ақиқаттан асқан әдемілік жоқ» деген Буало сөздерімен келіспеуге болмайды. Жекелеген ақындарға баға беру үстінде де ол нәзік талғам танытады. Саналылық, ақыл, ой әдеміліктің синонимі ретінде қарастырылады. Ақыры «Сананы сүйіңіз, ол сіздің өлеңіңізде өмір сүріп, оған көрік беріп тұрсын» дейді. Француз классицизмінің бастаушысы Малерб (1555-1628) болды. Малерб мадақ өлеңдер жазатын. Оның өлеңдері салтанатты, қатаң тәртіпке бағынған, біршама суық, сезім шынайылығы жоқ болғанымен, әрқашан мифологиялық атауларға, эпитеттерге бай болатын. Генрих IV Малербті сарай ақыны етіп, камергер атағын береді. Ришелье оны Францияның қазынашысы етіп тағайындайды. Ақындардың ішінен мұндай жоғары ресми қызметке ие болғандары кем де кем. Малерб те өз жолынан жаңылған жоқ. Ол мемлекет саясатын қолдап, оның ішкі тәртібін мадақтап отырды. Малерб Францияда классицизмге жол ашты, алайда классицизмге атақ пен даңқты оның үш алыбы: Корнель, Расин, Мольер әкелді. Корнель мен Расин француз әдебиетінде трагедия жанрының өлмес үлгілерін қалдырса, комедия атасы саналған Мольер бүкіл әлемге классицистік комедияның үлгісін көрсетті..

12-ШІ ДӘРІС

Абстракционализм. Концептуализм

Дүниежүзілік өркениеттің даму барысының өзі-ақ ұлттық мәдениеттердің маңыздылығы бүгінгі таңда бұрынғыдан да артып отырғандығын және әрбір мәдениет дүниежүзілік дамудың түрлерін өз қажетінше қабылдауымен қатар, жалпыадамзаттық мәдениеттің қалыптасу процесіне өздерінің қомақты үлестерін қосып отырғандығын көрсетіп отыр. Қазіргі дәуірге тән ерекше қасиет — ұлттық мәдениеттердің тұйықтықтан арылып, бір-бірімен байланыстарын жаңа сапалық дәрежеге көтеруі болып табылады. Жоғарыда көрсетілген Шығысқа тән құндылық «коллектившілдік (ұжымшылдықты)-индивидуалистік мәдениеттің ең жоғарғы дәрежеде дамыған елі АҚШ-та қабылдауға мәжбүр болды, өйткені қазіргі заманда өнеркәсіпті басқарудың авторитарлық әдісінің тиімсіздігін өмірдің өзі-ақ дәлелдеп берді. Осы орайда мәдениеттің әр саласындағы өзгерістерді бір елден бір елге жайдан-жай көшіре салуға болмайтындығын ескере кеткен жөн. Оған дәлел ретінде басқа елдерді қойғанда, қазақ халқының кеңес дәуіріндегі мәдениетінің тағдырын айтсақ та жеткілікті сияқты. Мәдениеттің, не өмірдің белгілі бір саласының элементін механикалық көшіре салу ешбір нәтиже бермейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты мысал келтірейік. Жапонияда өнімнің сапалылығы жолындағы күреске жұмысшыларды кеңінен тарту мақсатында арнайы «*сана үйірмелері*» ұйымдастырылды. Ерекше атап өтетін жайт, бұл қозғалыс жапон халқының мәдени-психологиялық құндылықтарына негізделген болатын, өйткені жапондықтар екі моральдық-құндылықтар-ри- зашылық парызы мен адалдық парызының рухында бала кезінен- ақ тәрбиеленген. Іс-әрекеттің осындай ұлттық-мәдени стереотиптің ықпалымен жапондық жұмысшы өз күшіне сенеді, бос уақытын да аямайды. 70-і жылдары дәл осындай «*сана үйірмелері*» АҚШ-та пайда бола бастады. Бірнеше жылдардан соң бұлар 230 американ компанияларында өз жұмыстарын жүргізе бастады. Бірақ, өкінішке орай, олардың 8 ғана жоғары дәрежеге жетіп, қалғандары айтарлықтай табысқа ие бола алмай қалды. Осы бір шағын мысалдың өзі-ақ жоғарыда айтылған ойымызды айқындай түссе керек. Американдықтардың индивидуализмі мен кәсіпкерлік рухының тамыры сол елдің өткен тарихында, оның күрделі этникалық және географиялық құрылымында жатыр. Еңбек сүйгіш неміс халқы мен оның экономикалық жетістіктерін неміс мемлекетінің тарихын білмей тұрып, ол халықтың өзіндік ұлттық қасиеттерін ескермей еш уақытта түсінуге болмайды.

13-ШІ ДӘРІС

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	--	---	------------------

Еуропалық мәдениеттегі батыл қадамдармен қайта жаңғыртушылар, түбегейлі өзгерістер бір жағынан прогресті тығырыққа тіреді. XX ғасырдың ұлы ойшылы [А. Швейцер](#) технократтық мәдениеттен бас тартып, дамудың ең жоғарғы сатысына көшу қажеттігі туралы ойға келді. XX ғасырдың дүбірлі оқиғалары, қантөгіс қырғиқабақ соғыстар, экологиялық апаттар және т.б. негізінде ғылым *«технократизм мен технократтық ғылым»* — мәдениетті идеялардың құрбандығына, рухани және сезімдік ақыл-ой қысымына, жалпы мәдениеттің тоқырауына өкелді деген қортындыға келді. Ұлы ойшыл жаңа жалпы адамзаттық мәдениеттің тағдыры үшін *«өмірді қастерлеу»* принципін ұсынды. Бұл принцип — мәдениетті дамытудың үлгісінен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген мүлде жаңаша даму бағытына көшуге меңзейді. Ал бұл жол ізгілік жолы, адамдарды жарқын болашаққа апарар даналық жолы. Яғни жазушыларды салмақтылыққа, ұстамдылыққа, мазмұндылыққа, әр нәрсенің шегін, өлшемін сезіне алуға шақырады. «Ақиқаттан асқан әдемілік жоқ» деген Буало сөздерімен келіспеуге болмайды. Жекелеген ақындарға баға беру үстінде де ол нәзік талғам танытады. Саналылық, ақыл, ой әдеміліктің синонимі ретінде қарастырылады. Ақыры «Сананы сүйіңіз, ол сіздің өлеңіңізде өмір сүріп, оған көрік беріп тұрсын» дейді. Француз классицизмінің бастаушысы Малерб (1555-1628) болды. Малерб мадақ өлеңдер жазатын. Оның өлеңдері салтанатты, қатаң тәртіпке бағынған, біршама суық, сезім шынайылығы жоқ болғанымен, әрқашан мифологиялық атауларға, эпитеттерге бай болатын. Генрих IV Малербті сарай ақыны етіп, камергер атағын береді. Ришелье оны Францияның қазынашысы етіп тағайындайды. Ақындардың ішінен мұндай жоғары ресми қызметке ие болғандары кем де кем. Малерб те өз жолынан жаңылған жоқ. Ол мемлекет саясатын қолдап, оның ішкі тәртібін мадақтап отырды. Малерб Францияда классицизмге жол ашты, алайда классицизмге атақ пен даңқты оның үш алыбы: Корнель, Расин, Мольер әкелді. Корнель мен Расин француз әдебиетінде трагедия жанрының өлмес үлгілерін қалдырса, комедия атасы саналған Мольер бүкіл әлемге классицистік комедияның үлгісін көрсетті.

14-ШІ ДӘРІС

Модерн стилі. Символизм

Жалпы адамзаттық мәдениет — көркемдік-поэтикалық, ғылыми, өндірістік қызметтің ең жетілген түрлері, әр түрлі халықтар мен ұрпақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір мен шындықты және дүниені танып білуінің бірыңғай тәсілдері. Адамзат баласы осы қағидалардың негізінде таптық және нәсілшілдік өшпенділігіне жол бермейтін, адам мен халықтар құқы бұзыл- майтын, қайыршылық пен сауатсыздық, экономикалық және мәдени отаршылдықтан ада біртұтас өркениет құруға бағытталуда. Мәдениеттің бұл үлгілері мәдениетті қалыптастыруда басты бағдар болып отыр. Адамзаттық мәдениеттің қалыптасуын халықаралық қауымдастық мүшелерінің құндылықтарының белгілі бір жүйесін жай ғана қабылдау деп, дәлірек айтқанда, түрлі мәдениет салаларын бірыңғайлау деп қарастыруға тағы болмайды. Өйткені, мәселе аймақтық және ұлттық мәдениеттердің өзара рухани байланысуының өсуі туралы болып отыр. Уақыт өткен сайын түрлі халықтар мәдениеттерінің арасындағы байланыстардың арнасы кеңейе түсуде, бір мәдениет саласындағы өзгеріс басқаларына да өз ықпалын тигізуде. Ғаламдық мәдени жетістіктер дүниежүзіне кеңінен тарауда. Ендеше, біз ғылымдық гуманистік құндылықтардың

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	---	--	-------------------------

дамуының мүлде жаңа кезеңіне өткенімізді мойындауымыз керек. Біртұтас әлемдік өркениеттің қалыптасуының негізі — саяси-экономикалық және мәдени байланыстардың белең алуында жатыр. Соның негізінде жаңа сапалы жүйе — жалпы адамзаттық мәдениет қалыптасып, түрлі елдер мен халықтардың арасындағы байланыс нығая түсуде, тіпті біртұтас өркениеттің бір жағында болған мәдени тоқырау құбылыстары немесе жетістіктері басқа жақтарға да өз әсерін тигізбей қоймады. Мұндай құбылысқа қарап, дүниені қабылдау тәсілдері бір ізге салынып, мәдени нормалары бірыңғай жүйеге келтіріліп, ұлттық сипат жойылып бара жатыр деген ұғым туып қалмауы керек, өйткені әрбір ұлт, әрбір әлеуметтік топ жалпы адамзаттық мәдениет қорынан тек өзіне қажеттісін ғана, өзінің даму дәрежесіне сай келетін мәдени құндылықтарды өз мүмкіндігіне байланысты ғана қабылдайды. Мәдениеттің бұл үлгілері мәдениетті қалыптастыруда басты бағдар болып отыр. Адамзаттық мәдениеттің қалыптасуын халықаралық қауымдастық мүшелерінің құндылықтарының белгілі бір жүйесін жай ғана қабылдау деп, дәлірек айтқанда, түрлі мәдениет салаларын бірыңғайлау деп қарастыруға тағы болмайды. Өйткені, мәселе аймақтық және ұлттық мәдениеттердің өзара рухани байланысуының өсуі туралы болып отыр. Уақыт өткен сайын түрлі халықтар мәдениеттерінің арасындағы байланыстардың арнасы кеңейе түсуде, бір мәдениет саласындағы өзгеріс басқаларына да өз ықпалын тигізуде.

15-ШІ ДӘРІС

Қазақстан өнері

Өнер салаларын қамтитын, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер. Қазақ Бейнелеу Өнерінің бұқаралық ең ежелгі түрі – халықтың қолөнері болып табылады. Әдебиет пен музыкаға қарағанда, кәсіби Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму жолы өте күрделі болды. Оның бастауында этнограф-ғалым [Ш.Уәлиханов](#) тұрды. Кейінгі зерттеулер [Шоқан](#) туындыларынан (әсіресе, графикалық суреттері), “Потанин”, “Тезек төре”, т.б. портреттік жұмыстарынан оның кәсіби суретшілерге тән шеберлігі байқалатынын анықтады. Шоқанның қас-қағым сәтте салған графикалық долбар суреттері қайта өрлеу дәуірі өкілдері (Леонардо Да Винчи, Рафаэль Санти) шығармаларымен сабақтасып жатыр (“Аға сұлтан портреті”, “Бақсы”, “Қазақ музыканттары”, “Шығыс ұйғырларының киімі”, т.б.). Шоқан Қазақ Бейнелеу Өнерінің графикалық саласында ғана емес, сонымен қоса, кескіндеме саласында да жоғары шеберлікке жеткен (“Алатау көрінісі”, “Жатақ”). Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылып, онда Н.Г. Хлудов, Н.Антонов және мүсінші А.С. Пономарев сабақ берді. 20 ғасырдың 20 – 30 жылдары Қазақ бейнелеу өнері шеберлері алғашқы қадамдарын жасады. Жас суретшілер кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерді. Олар (Н.И. Крутильников, Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, И.И. Савельев, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов, т.б.) өздерінің қарапайым мазмұнға құрылған алғашқы еңбектерінде елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнелеуге ұмтылды. 1928 жылы Семейде бейнелеу өнері шығармаларының алғашқы көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан суретшілерінің кәсіптік шеберлікті тез игеруіне сол кездегі одақтас республикалардың, [Мәскеу](#) мен [Санкт-Петербург](#) шеберлерінің (Б.В. Иогансон, А.А. Дейнека, С.В. Герасимов, А.А. Пластов) тәжірибесі көп көмектесті. 1933 жылы республика Суретшілер одағының

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	---	--	-------------------------

ұйымдастыру комитеті құрылды. 1934 жылы Мәскеудегі Шығыс мәдениетінің мемлекеттік мұражайында қазақ суретшілерінің тұңғыш көрмесі ұйымдастырылып, бір жыл өткен соң [Алматыда](#) Қазақ мемл. көркемсурет галереясы ашылды. Әлеум.-экон. және мәдени өмірдің жаңа жағдайлары, түбегейлі уақыт талаптары шығармаларға тың тақырып болды. Ә.Қастеев шығармаларының өзіндік ұлттық бояуы осы кезде жарқырап көрінді. Қазақ Бейнелеу Өнері қалыптасу және өркендеу жолы осы суреткер шығарм-мен тығыз байланысты. Шығармалары бүкіл Отан келбетін бейнелейтін Ә.Ысмайылов та қазақ кескіндемешілерінің аға буынына жатады. Өздерінің шығармашылық жолын республика өмірімен тікелей байланыстырған көптеген орыс шеберлері: кескіндемешілер – А.А. Риттих, Н.В. Соловьев, А.И. Бортников, Н.И. Крутильников, Л.П. Леонтьев, графиктер Г.А. Брылов, Б.А. Чекалин, Л.В. Гербановский, т.б. 30 жылдардағы Қазақ Бейнелеу Өнеріне белсене ат салысты. 1940 жылы маусымда ашылған Қазақстан суретшілерінің I-съезі шығармашылық ұжымның біраз жылғы жұмыстарын қорытындылап, ұлттық өнерді одан әрі дамытудың жолдарын белгілеп берді. 40-жылдардың басында қазақ кескіндемесі мен графикасы едәуір табыстарға жетті. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында республика қыл қалам шеберлері өз өнерлерін фашист-басқыншыларына қарсы үгіт-насихат құралына айналдырып, бүкілхалықтық ерлікті, қаһармандық пен қайсарлықты көрсетуге күш салды. Бұл жылдары Леонтьев, К.Я. Баранов, Риттих, А.И. Черкасский, И.Я. Иткинд, М.С. Лизогуб, т.б. табысты еңбек етті. 2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Қазақ Бейнелеу Өнерінің барлық түрі: кескіндеме, мүсіндеме, графика ілгері дамыды. Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суреткер – қазақ табиғатын тамсана жазған, алғашқы академик-суретші О.Н. Таңсықбаев Қазақ Бейнелеу Өнерінде ерекше орын алады. Ол елден жырақ жүрсе де (Өзбекстанда тұрған) бар болмысымен, жүрегімен өзін әрқашанда елімен, жерімен бірге сезінген, қазақ табиғатын ерекше бір сүйіспеншілікпен жазған суретшінің бірі болды (“Қазақстан жолдары”, “Көш”, т.б.). 50-жылдардың соңы (Қ.Телжанов, М.Кенбаев) Қазақ Бейнелеу Өнері жанрлық және ізденіс бағыттарының сонылығымен ерекшеленеді. Қазақ Бейнелеу Өнерінде графика елеулі орын алады. 60-жылдары акварельдің, офорттың, линогравюраның, автолитографияның өзіндік бағыттары бар дарынды шеберлері (А.А. Дячкин, Е.Г. Сидоркин, Н.С. Гаев, Ш.Б. Кенжебаев, И.Г. Квачко, т.б.) өсіп жетілді. Қазақстан бейнелеу өнерінің байырғы шебері В.И. Антощенко-Оленев гравюра мүмкіндіктерін барынша табысты пайдалана білді. Қазақ Бейнелеу Өнерінің шығармалары бұл кезеңде шет елдерде де таныла бастады. Олар Мәскеудегі Третьяков галереясына, Қазақстан мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайына қойылды, шет ел мұражайлары сатып алатын болды. Қазақстан суретшілерінің үздік еңбектері ұлт өнерінің қазынасына асыл мұра болып қосылды. Республиканың көптеген облыс орталықтарында (Шымкентте, Қарағандыда, Астанада, Павлодарда, т.б.) шығармашылық ұжымдар құрыла бастады. Қазақ Бейнелеу Өнерінде халықтың өзіндік дүниетанымын, оның мәдениеті мен дәстүрлік ерекшеліктерін танытатын белгілер барған сайын айқын қалыптасты. Бұл кезеңдегі Қазақ Бейнелеу Өнерінің дамуына А.Ғалымбаева, Г.Ысмайылова, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Ә.Жүсіпов, С.Романов, А.М. Степанов, К.Шаяхметов, Ү.Әжиев, т.б. суретшілердің тақырыптық картиналары үлкен үлес қосты. Ауыл тақырыбы көптеген Қазақстан суретшілерінің назарында болып, әсіресе, шығармашылық жолын 60 – 70-жылдары бастаған шеберлердің ең басты тақырыбына айналды. С.Айтбаев, Ш.Сариев, Т.Тоғызбаев, Ә.Садыханов, О.Нұржұмаев, А.Ақанаев шығармаларына өзіндік дүниетаным, өмірді кең көлемде тани

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	---	--	-------------------------

білу, символикаға құштарлық тән болды. М.Аманжолов, К.Муллашев, Е.Төлепбаев, т.б. шығармаларынан романтикалық-символдық және сезімдік бастаулар көрініс тапты. Бұл суретшілердің шығармалары айқын да күрделі түсімен, шиыршық атқан бояуымен, белсенді кеңістік ортасымен, бейнелердің әсемдігімен және сырлылығымен ерекше көзге түседі. М.Қисамединов еңбектері жұртшылықтың қызығушылығын туғызды. Оның [Махамбет Өтемісұлының](#) өлеңдеріне салған суреттерінде (1973) өз халқының азаттығы жолында күрескен батырдың тарихи бейнесін жасады. И.Исабаев қазақ әдебиеті классиктерінің, [Қазақстан](#) жазушыларының шығармалары, балалар әдебиеті бойынша суреттер салумен қатар көптеген қондырғылы графика шығармаларын берді. 20 ғасырдың 70 – 80-жылдар шығармаларында өзіндік қолтаңбасы айқын графиктер қатары көбейді. 80 – 90-жылдары Қазақ Бейнелеу Өнері тың ізденіспен, еуропа жаңа сипаттағы ағымдардың әдіснамасын меңгеруімен ерекшеленеді (А.А. Ақанаев, Е.Мергенов, Д.Әлиев, Е.Төлепбаев, Б.Түлкіев, Ж.Аралбаев, т.б.). Одан беріде күнделікті қарапайым қазақ өмірін, белгілі тарихи кезеңдерді жаңаша сипат беріп, ерекше тәсілмен бейнелей білген суретшілер бой көтерді (М.Аманжолов, А.Нақысбеков, К.Каметов, Е.Сергебаев, А.Қорғанбаев, Т.Ордабеков, А.Дүзелханов, т.б.). Елімізге қасірет әкелген, көп жылдар бойы жабық тақырып болып келген Семей атом полигонының, Аралдың қасіретті ащы шындығы бейнеленді (Ақанаев, М.Аманжолов, А.Губашев, Ә.Төлебиев, т.б.). Е.Төлепбаев 2002 ж. халықаралық С.Дали атындағы алтын белгіге ие болды.

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	---	--	-------------------------

Тәжірибелік (семинар) сабақтар

Апта лар №	Апта дұль №	Тәжірибелік (семинар) сабақ тақырыбының атауы	Сағат саны	Түрлері мен әдістері
1	1	- Ежелгі дәуір кезеңдеріне тарихи шолу жасау; - тас дәуірі кезеңіндегі үңгірлердегі суреттер; - көне дәуір бейнелеу техникасын меңгеру мақсатында көшірме орындау.	2	Дизайн объектілерінің креативін (идеясын) әзірлеуді жоспарлау;
2	1	- Ежелгі Мысыр мәдениетіне тарихи шолу жасау; - ежелгі Месопотамия мәдениетіне тарихи шолу жасау; - сол дәуірдегі материалдық мәдениет үлгілерімен танысу;	2	Беттерді өңдеу бойынша интерьер дизайны объектілерінің түпнұсқа - макеттерін жасау.
3	1	Үндістан, Қытай және Жапон мәдениетінің жәдігерлері негізінде көркем техникаларын үйрену мақсатында жаттығулар жасау.	2	Дизайн объектілерін өндіру үшін материалдарды сауатты пайдалану;
4	1	Өтілген дәріс бойынша білімін тексеру	2	Интерьердің барлық түрлерін модельдеудің әрлеу материалдарын алудың қасиеттері мен технологиялары;
5	1	Ежелгі орыс мәдениеті жәдігерлері негізінде көркем техникаларды үйрену мақсатында жаттығулар жасау.	2	Нақты және оқу дизайнындағы ішкі кеңістіктің түсті-текстуралық шешімінің рөлі.
6	1	Дәріс сабақтардағы жұмыс, міндеттерін шешу	2	Дизайн объектілерінің креативін (идеясын) әзірлеуді жоспарлау;
7	1	Реферат қорғау (оқытушының бақылау түрін таңдауына байланысты)	2	Интерьердің барлық түрлерін модельдеудің әрлеу материалдарын алудың қасиеттері мен технологиялары;

	НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»	Учебно-методический комплекс дисциплины	Издание: седьмое
---	---	--	-------------------------

8	2	Өтілген дәріс бойынша білімін тексеру	2	Нақты және оқу дизайнындағы ішкі
9		Сабаққа қатысу	2	Дизайн объектілерінің
10		Дәріс сабақтардағы жұмыс,	2	Интерьердің
11		Реферат қорғау (оқытушының	2	Нақты және оқу
12		Өтілген дәріс бойынша білімін	2	Интерьердің
13		Сабаққа қатысу	2	Нақты және оқу
14		Реферат қорғау (оқытушының	2	Дизайн объектілерінің
15		Реферат қорғау (оқытушының	2	Интерьердің
БАРЛЫҒЫ			30	

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: жетінші
---	--	-------------------------------	---------------------

БӨЖ				
Апта лар №	Модуль №	БӨЖ тақырыбының атауы. БӨЖ тапсыру мерзімі	Сағат саны	Оқытудың түрлері мен әдістері
1	1	Дәріс тақырыбы бойынша конспектілер жазу презентация дайындау. Тас дәуірі кезеңіндегі үңгір қабырғаларына салынған бейнелердің салу техникаларын үйрену мақсатында жаттығулар жасау. Модуль бойынша реферат тақырыбын таңдау.	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу және Құрылымдық материалдардың түрлері мен жіктелуі
2	1	Теориялық дағдыларын қалыптастыру	7	Эскиздер арқылы кәсіби ақпаратты білдіруге қажетті дағдылар мен дағдыларды дамыту.
3	1	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу және Құрылымдық материалдардың түрлері мен жіктелуі
4	1	№ 1-15 тақырыбы бойынша білімін тереңдету, ондағы тапсырмалар СОӨЖ тақырыптық жоспарында берілген	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу және Құрылымдық материалдардың түрлері мен жіктелуі
5	1	Дәріс тақырыбы бойынша конспектілер жазу. Ежелгі орыс мәдениеті жәдігерлері негізінде көркем техникаларды үйрену мақсатында жаттығулар жасау. Рефератты қорғау.	7	Дизайн объектілерінің креативін (идеясын) әзірлеуді жоспарлау;
6	1	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту	7	Беттерді өңдеу бойынша интерьер дизайны объектілерінің түпнұсқа - макеттерін жасау.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: жетінші
---	--	-------------------------------	---------------------

7	1	Теориялық дағдыларын қалыптастыру	7	Дизайн объектілерін өндіру үшін материалдарды сауатты пайдалану;
8	2	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту	7	Интерьердің барлық түрлерін модельдеудің әрлеу материалдарын алудың қасиеттері мен технологиялары;
9	2	Дәріс тақырып материалдарын меңгеру	7	Нақты және оқу дизайнындағы ішкі кеңістіктің түсті текстуралық
10		Теориялық дағдыларын қалыптастыру	7	Бояғыш құрамдар мен заттардың негізгі қасиеттерінің ерекшеліктері,
11	2	Білімнің, біліктілігін және дағдысын тереңдету және бекіту	7	Студенттерді әртүрлі кешендермен таныстыру, заманауи әрлеу және
12	2	Дәріс тақырып материалдарын меңгеру	7	Нақты және оқу дизайнындағы ішкі кеңістіктің түсті текстуралық
13	2	Теориялық дағдыларын қалыптастыру . Курстың екінші бөліміне сай реферат тақырыбын таңдау.	7	Бояғыш құрамдар мен заттардың негізгі қасиеттерінің ерекшеліктері,
14	2	Дәріс тақырыбы бойынша конспектілер жазу. Ортағасырлық Батыс Еуропа мәдениеті	7	Нақты және оқу дизайнындағы ішкі кеңістіктің түсті текстуралық
15	2	Дәріс тақырып материалдарын меңгеру	7	Бояғыш құрамдар мен заттардың негізгі қасиеттерінің ерекшеліктерін
Барлығы			105	

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: жетінші
---	--	--------------------------------------	-----------------------------

Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға арналған материалдар

Ағымдық бақылау сұрақтары

1. Перспективаға түсініктеме бер
2. Прапорция дегеніміз не, мысал келтір
3. Драпировка не үшін қойылады?
4. Фон дегеніміз не?
5. Рендік қатынастармен жұмыс әдісін сақтамау неге әкеледі?
6. Суреттің біртұтастығын қандай қасиеттер анықтайды?
7. Портреттік ұқсастықты қалай дұрыс табуға болады?
8. «Конструкциялық» сөзін қалай түсінесіз?
9. Жұмыс тәртібін атап өтіңіз
10. Тірі натура жұмысынан гипстік көшірмелерді салу мүмкіндігі немен ерекшеленеді?
11. Гипстік модельдерден натурамен жұмыс жасай отырып, бастап жатқан суретші қандай рөл алады?
12. Графикалық материал қасиеттері туралы айтыңыз: сангина, көмір, пастель, соус
13. Натюрморт қанша заттан құралады?
14. Натюрморттың портреттен айырмашылығы қандай?
15. Жеміс жидектен құралған натюрмортты штрихтап салуға бола ма?
16. Жылы түске қандай түстер жатады?
17. Суық түстер қандай түстер?
18. Туыстас түстерді ата
19. Портретпен жұмыс тәртібі қандай?
20. Нобай мен ұзақ мерзімді суреттің ерекшелігі неде? Олардың мақсаты мен міндеті қандай
21. Суреттегі «конструкция» терминін қалай түсінеміз?
22. Суреттегі «өң» терминіне анықтама беріңіз

Аралық бақылау сұрақтары

1. «Жылт», «жарық», «жартылай көлеңке», «көлеңке», «рефлекс» жайлы түсініктеме беріңіз
2. Натюрморт салудың заңдылықтары
3. Натюрморт салудың әдістемелік кезеңі
4. Портрет салу заңдылығы
5. Геометриялық денелерден құралған натюрморт пен тұрмыстық заттардан құралған натюрморттың айырмашылығы қандай?

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: жетінші
---	--	--------------------------------------	-----------------------------

6. Жарық пен көлеңкені қалай айырамыз?
7. Драпировка деген не, оны қайда қолданады?
8. Блик яғни жылт дегеніміз не ол қайда болады оны суретте қалай көрсетеміз? 9. Рефлекс қайдан пайда болады, оны қалай айырамыз?
10. Шыны ыдыс пен қыш ыдыстардың айырмашылығы, бояған кездегі ерекшеліктері қандай?
11. Суық түстердің ерекшелігі
12. Жылы түстерге қандай түстерді жатқызасың? 13. Қарама-қарсы түстер дегеніміз не?
14. Адам портретін салу кезіндегі психологиялық тани білу, ерекшеліктерін бірден тауып көрсету

Қорытынды бақылауға арналған материалдар

Тұрмыстық заттардан құралған натюрморт 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру.
2. Композициялық шешімі. 3. Түстік шешімін табу.

Натюрморт «Суретшінің үстелі» 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру. 2. Композициялық шешімі.
3. Түстік шешімін табу.

Натюрморт «Жазушының үстелі» 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру. 2. Композициялық шешімі.
3. Түстік шешімін табу.

Сапасы және фактурасы жағынан әртүрлі заттардан құралған натюрморт 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру.
2. Композициялық шешімі. 3. Түстік шешімін табу.

Геометриялық денелерден құралған натюрморт 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру.
2. Композициялық шешімі. 3. Түстік шешімін табу.

Геометриялық дене және тұрмыстық заттан құралған натюрморт 1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру.
2. Композициялық шешімі. 3. Түстік шешімін табу.

Список обязательной и дополнительной литературы и источников к курсу и теме

Основная литература:

1. Бейнелеу негі тарихы : , Самратова Т.К. -, 2010. , Астана : Фолиант , 2010, 210;
2. олнер негіздері , Самратова Т.К. -, 2014, Астана : Фолиант , 2014, 203.